



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт

ЖАСТАРЫ

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№24 (664)
11 МАУСЫМ,
БЕЙСЕНБІ
2026 ЖЫЛ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

ТАБИҒАТТЫҢ ҚҰБЫЛҒАНЫН ҚОҒАМ ҰҚТЫ МА?

«Қыс қатты болса, қамба толады» дейтін бе еді? Қар қалың түссе, көктемде жердің тоңы жібіп, өзен-көл арнасына толып, малдың аузы көкке, адамның жүзі тоққа жететін. Бүгін ше?

Бүгін жаз ерте келеді, себебі көктем асығыс. Ал қыс қысқарды. Қаңтар мен ақпанның өзінде қардың жаууы неғайбіл. Кейде мамырда үсік ұрып, егінге қауіп төнеді. Бір өңір аптаптан күйсе, екінші өңірді тасқын су әкетеді. Табиғаттың бұрынғы «мінезі» өзгергендей.

Иә, біз мұны әлі күнге дейін ауа райының тосын құбылысы деп қабылдаймыз. Алайда мәселе бір күнді ыстықта немесе бір маусымдағы қуаңшылықта емес. Өңгіме – климаттың өзгеруінде.

ТАРИХТА БОЛМАҒАН ЫСТЫҚ

БҰҰ жанындағы Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым мен халықаралық климаттық мониторинг орталықтарының дерегі кейінгі онжылдықты адамзат тарихындағы ең ыстық кезеңдердің бірі ретінде бағалап отыр. Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобы да осыны айтады. Ал

Жердің орташа температурасы индустрияға дейінгі кезеңмен салыстырғанда шамамен 1,5 °C градусқа көтерілген. Қарапайым адамға бұл мардымсыз көрсеткіш шығар, бірақ бұл – үлкен өзгеріс.



ЕРТЕ ЖАСТАН ЕҢБЕК ЕТКЕНДЕР: ТӘЖІРІБЕ МЕ, ТӘУЕКЕЛ МЕ?



«Жас келсе – іске» дейді қазақ. Ал жасына жетпей, еңбекке ерте араласып жүргендер үшін кім жауапты? Иә, жаңа заманның жас буыны қаржылық тәуелсіздікке тым ерте талпынатыны жасырын емес. Әсіресе жаз айларында жалданып жұмыс істейтін мектеп оқушыларының қарасы қалың.

Бүгінде қай тойханаға бас сұқсақ та, онда даяшы болып жүрген жасөспірімдерді байқаймыз. Бірі – оқушы, бірі – студент. Той-томалақтағы дастарханды шыр айналып, қонақтарға қызмет етеді. Еңбектің нанының қадірін ерте ұққаны құптарлық жайт. Алайда олардың еңбек етуі «заң талаптарына сай әрі қауіпсіз жағдайда жүзеге асып жатыр ма?» деген сауал туындайды.

Рас, бүгінде көптеген жас өз қажеттілігін өзі өтеуге, ата-анасына қолғабыс жасауға ұмтылады. Бұл жауапкершілікке тәрбиелейтін, еңбекқорлықты қалыптастыратын жақсы қасиет. Дегенмен кей жағдайда жұмыс берушілердің арзан жұмыс күшіне айналған жасөспірімдердің құқығы тапталып, жанайқайы ескерусіз қалады.

3-БЕТТЕ

ТҰЙЫМСЫЗ ТӘРБИЕ: МОНТЕССОРИ НЕНІ ҰСЫНАДЫ?

Қазір баланы жаңа заманға лайықтап тәрбиелеймін деген ата-анаға таңдау көп. Бұл – өте жақсы мүмкіндік. Қоғам «ер мен әйел тең» деген түсінікке ойысқан шақта «бала еркіндігі» деген ұғым да пайда болды. Негізінде бұл ілім жақын арада емес, сонау 1900 жылдары қалыптасқан. Біздің елде қылаң бергені осы шақ. Бүгін балаларды тәуелсіз тұлға болуға тәрбиелейтін «Монтессори әдісі» жайлы тарқата айтуды жөн көрдік.



4



Асхат ЕРУБАЙ:


АДАМНЫҢ АР-ОЖДАНЫНА БЕКІТІЛГЕН ЗАҢ БАР ЕДІ...

Қазақ тәліміндегі пәлсапаның тереңдігі сол, өзгелер таңдай қаға тамсанатындай. Біз бүгінгі сұхбатта Дін мәселелерін зерттеу орталығының бөлім басшысы Асхат Ерубаймен қазақ ұғымындағы құндылықтардың қаншалықты маңызды екенін, радикалды идеологияның қайдан шыққанын, қалай келгенін талқыладық.

– Асхат Рустамұлы, радикалды идеология – қоғам үшін жасырын қауіп. Келіссіз бе?
– «Радикализм деген не?». Осы сұраққа жауап қажет. Өңгімені әріден бастасақ, бұл ұғым қашан келді, сөздік қорымызға қашан енді деген тәрізді сауалға тірелеміз. Бұл ұғым біздің ата-бабамыздың дәуірінде де қолданыста болған. Хандық дәуірінде бір елді басып алу үшін халықтың арасына ірікті салып, адамдардың арасын жік-жікке бөліп, өз мақсаттарына қолданатындар да болған. Ол уақытта ақсақалдар институты жоғары деңгейде дамыған. Осындай қауіп-қатерден сақтап, елді тура жолдан адастырмай, дұрыс бағытқа алып жүрген.

Абайдың да, Шәкәрімнің де шығармаларында кейбір діндар кісілерді сын нысанасына алатынын байқаймыз. Оның барлығы неден? Сол кезеңдегі молдалардың дінді қатқыл, радикалды формада жеткізгені үшін сынады. Радикализмді жалпақ тілмен айтқанда, дінді қатқыл ұстану десек болады. Олар үшін әлемде екі ғана түс бар: ақ пен қара. Жайқалған жасыл-желек те, мөлдіреп аққан бұлақтың түсі де – ол ұғымда ешнәрсе емес. Тіпті жоқ десек те болады.

2-БЕТТЕ



5

ПАРАҚТАҒЫ АҚ-ҚАРА ӘЛЕМ 8

БАСПАСӨЗ - 2026

Алаш жастарының үніне айналған «Ақмешіт жастары» газетіне жазылу науқаны жүріп жатыр. Өз газетіңе жазыл, жас дос! Біз ел жастарымен біргеміз!

«Ақмешіт жастары» газетіне 6 айға жазылу жеке тұлғалар үшін – 4000 теңге, мекемелер үшін – 8000 теңге.



Басы 1-бетте

Асхат Ерубай:

АДАМНЫҢ АР-ОЖДАНЫНА БЕКІТІЛГЕН ЗАҢ БАР ЕДІ...

– Әрине, бұл – кешегі жағдай. Бүгінгі радикализм де дәл осылай ма? Біз қандай радикализммен күресіп жүрміз?

– Қазіргі біз күресіп жатқан радикалды идеологияның келуі тәуелсіздік алған уақытпен тұстасады. Жетпіс жылдық бодан болып, түрлі идеологияны бастан өткерген бізге бұл әрине, оңай болмады. Оған дейін түрмесіз далада мал баққан, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған ұлы құндылықтары бар едік. Әр адамның ар-ожданына бекітілген заңы бар халық болдық. Жетпіс жылдық идеологияның кесірінен көп нәрседен айырылды. Тәуелсіздік алған тұста сол кездегі халықтың кеудесінде бір бос орын пайда болды. Мұны ішкі вакуум деп айтсақ болады.

«Келдім қайдан,

Не етсем пайдан,

Өлгеннен соң не болам?» деп Шәкәрім де үш сұрақ қойды емес пе?! Осы сұрақтың қай-қайсысына да дін жауап береді. Бір сұрағына жауап берер салалар болуы мүмкін. Бірақ дін барлық сұрағына жауап бере алады,

– «Дін – ғылымның анасы» деген Мұқағали. Дінді тұтас ғылым деп алсақ...

– Әрине, дінді ғылымнан бөліп алып, қателік жасап жүргендер көп. Дін – ғылым деген сөздің бір синонимі. Мына әлемнің әрбір жаратылысын діннен білуге болады.

– Әлдегідегі рухани бос орын туралы айтып қалдыңыз. Демек, сол тұста адамдар сол орынды толтырмаққа бекінді. Дұрыс түсіндім бе?

– Иә, сол кезде адамдар жеке бастарымен ізденді. Оқуға барды. Бірақ қай жерде оқыса, сол жердің мәдениетін дін деп білген кез болды. Дін мен мәдениетті ажырата алмай қалдық. Өйткені,



оның ақ-қарасын ажыратып беретін иммунитет жоқ еді. Ол үзіліп қалған болатын. Мәдениетті әкеліп, дін деп таныстырды, саяси сыртқы күштердің ықпалы болды, осы кезде мақсаты мен міндеті біздің ел мұрағатымен үндеспейтін түрлі топ, идеологиялар елімізге көптеп кірді. Кеудесінде рухани бос кеңістігі бар біздің бауырларымыз оларға таптырмас мүмкіндікке айналды. Сондықтан олар өздерінің уағыздары мен көзқарасын таратты.

– Қазір осы көзқарасты қуаттап, радикалды бағытта жүргендер бар ма?

– Өз тамырынан ажырап кетіп жатқан, өзінің негізін жоғалтып жатқан немесе негізі бола тұра өзге жолды таңдап кетіп, осы радикалды идеологияның ықпалында кетіп жатқандар әлі де баршылық.

– Сонда олардың келіспейтін тұстары қандай?

– Қазір ел дамуында түрлі бағдарлама мен жобалар бар. Мемлекет басшысының қолдауымен салынып жатқан инвестициялар, өндірістегі даму тәрізді даму даңғылына бағыттайтын сан түрлі іс-шара бар. Олар осыған кетіп жатқан қаржыны халықтың әл-ауқатын көтеруге берсе дейді. Ал бұл жобалардың түп негізіне үнілсек, онсыз да халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталған. Екі қолға бір күрек таппай жүргендерге жаңа жұмыс орны да ашылып жатыр.

– Рухани байлық деп отырмыз ғой. Сол рухани бос орынның қажетті нәрсенен толмауының зардабы қандай?

– Ол әлеуметтік жағдайдан да жоғары. Адамның рухани бай болуы қандай қоғамда да маңызды рөл атқарады.

– Сөз басында радикалды идеологияның қауіпі туралы сұрақ болған. Осыған тоқталып өтіңізші. Қаншалықты қауіпті?

– Бұл бағыттағылар жұмысы әрі жасырын әрекеттерді көп қолданады. Өйткені, адамның санасымен жұмыс істейді. «Қой терісін жамылған қасқырлар» белгілі бір өздерінің мақсат-мүдделеріне жетемін дегенше шынайы бет-бейнесін көрсетпейді. Қоғамды қолдайтын адам ретінде көрсетеді. 2011-2016 жылдары болған біршама теракт, әлемде болып жатқан түрлі дүмпулер... Осылардың барлығы – бір кездері ұланған сананың нәтижесі. Бір сөзбен

айтқанда, қауіпі – адамды адамдықтан айыру. Олардың көзқарасында отбасы институты – ең әлсіз институт. Әйелді бала-шағасымен қоса тастап кетіп, басқа әйел ала салады. Мұның өзі адамдыққа жат ұғым емес пе?! Кейбір жануарлардың өзі бұл жерде адамнан жоғары тұрады.

– Адамды адамдықтан айыру деп жатсыз. Сол адамнан ұлт құралады. Мақсатының бір ұшы ұлттың жоюмен астасуы мүмкін бе?

– Ең басты миссиясы деуге болады. Мұхтар Шахановтың «тілінді ұмытсаң, ділінді ұмытсаң, жоғалтасың, жоғалтасың бәрін» деген өлең жолдары бар. Адамды адам ғып тұратын құндылықтар ғой. Ал құндылықтарды жоғалтқан адам, адам емес, робот. Ал роботты басқару оңай.

Мақсаты деп айтып отырмыз ғой, бұл мақсатты өздері де білмеуі мүмкін. Мен төменгі жағын айтып отырмын. Тек пәрменмен жұмыс істеуі кәдік. Ал ең төбесіндегілердің мақсаты – адамдарды тобырлыққа жетелеу. Былай айтқанда, мын алып тастау. Ал ондай тобырды мақсатына қарай пайдалану оңай. Абайдың «көпте ақыл жоқ» дейтіні осыдан.

– Осы кездегі қауіпті 100 баллмен есептегенде қалай баға берер едіңіз?

– Қатер бар, бірақ аса зор деп айта алмаймын. Он пайыз деп айта аламын. Өйткені, елімізде осы біздің орталықтағы мамандар тәрізді білікті адамдар жұмыс істеп жатыр. Сол үздіксіз жұмыстың нәтижесінде төменгі көрсеткішке қол жеткізіп отырмыз.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Әңгімелескен
Дәулет ҚЫРДАН

Қазақ өнерінің қара шаңырағының бірі саналатын Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театры талай талантты тәрбиелеп, ұлттық мәдениеттің дамуына олшеусіз үлес қосып келеді. Дәл осы театрдың сахнасында әр рөлге жан бітіріп, көрерменнің ықыласына бөленіп жүрген актердің бірі – Санат Жүзбаев.

ТЕАТР – АДАМ ЖАНЫНЫҢ АЙНАСЫ



Өнер жолы оңай емес. Әсіресе сахнада әр кейіпкердің тағдырын жүрекпен сезіп, көрерменге жеткізу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Осы орайда актермен кездесіп, өнердің күлдіреті, өмірдің мәні мен жастардың болашағы туралы әңгімелестік.

– Санат аға, бала кезіңізде сізде қандай армандар болды? Өнер жолын таңдауыңызға не себеп?

– Бала күнімен өнерге қызығушылығым ерекше болды. Мектептегі түрлі шараға қатысып, сахнаға шығуға ұмтылатынмын. Уақыт өте келе өнерге деген қызығушылық махаббатқа айналды. Кейін осы жолды таңдап, актер болуға шешім қабылдадым.

– Актерлік мамандықтың сіз үшін ерекшелігі неде?

– Актерлік өнердің басты ерекшелігі – әртүрлі тағдырды көруге, сезуге мүмкіндігі көп. Бір рөлде батыр болсаң, екінші рөлде қарапайым ауыл азаматын сомдайсың. Әр образ арқылы жаңа өмірді танысың. Бұл мамандық адамды ізденуге, өзін үнемі дамытуға үйретеді.

– Өмір сізге қандай маңызды сабақ берді?

– Өмір маған сабыр сақтауды үйретті. Кейде адам қалағанына бірден жете алмайды. Сондай сәттерде мойымай, еңбек етуді жалғастыру қажет. Қандай жағдайда да адамгершілікті жоғалтпау маңызды.

– Ал сахна сізді қалай өзгертті?

– Театр мені өмірге басқа көзбен қарауға үйретті. Әр рөлдің артында бір тағдыр, бір өмір жатыр. Кейіпкерлердің қуанышы мен қайғысын сезіну арқылы адамдарды жақсырақ түсіне бастайсың.

– Сомдаған рөлдердің ішінде өзіңізге қайсы рөл жақын?

– Актер үшін әр рөл қымбат. Өйткені олардың әрқайсысына уақытыңды, еңбегіңді және жүрегіңді арнайсың. Кейбір рөлдер көрерменнің есінде ұзақ сақталады, ал кейбірі өзіңе ерекше әсер қалдырады.

– Сіз үшін «бақыт»...

– Мен үшін бақыт – жақын адамдарымың амандығы, сүйікті ісіммен айналысу және еңбегімнің нәтижесін көру. Адам өз ісінен ләззат ала білсе, сол үлкен бақыт деп ойлаймын.

– Қазіргі жастардың бойында қандай қасиеттер болғанын қалар едіңіз?

– Ең алдымен білімге деген құштарлық болғанын қалаймын. Сонымен қатар еңбеккерлік пен жауапкершілік маңызды. Қазіргі жастардың мүмкіндігі көп, тек сол мүмкіндікті дұрыс пайдалана білу керек.

– Егер жастық шаққа оралуға мүмкіндік болса, өзіңізге қандай кеңес берер едіңіз?

– Өз-өзіме «уақытты бағала» деп айтатын едім. Кейде адам қолында бардың қадірін кеш түсінеді.

– Жастарға қандай ақыл-кеңес айтасыз?

– Үлкен армандардан қорықпаңыздар. Қандай мақсат қойсаңыздар да, оған жету үшін табандылық керек. Қиындықтан қашпай, керісінше оларды тәжірибе ретінде қабылдаған дұрыс.

– Өміріңізді бір сөйлеммен сипаттасаныз?

– Өмір – үздіксіз ізденіс пен еңбектің жолы.

– Адамдар сізді қандай қасиетіңізбен есте сақтаса дейсіз?

– Шынайылығыммен және өнерге адалдығыммен есте қалсам деймін. Өнер адамы болу маңызды, бірақ ең алдымен жақсы адам болып қалу одан да маңызды.

– Шығармашылық табыс тілейміз!

Сұхбаттасқан
Нұрсұлтан БАЙНАШ

БАД: ДЕНСАУЛЫҚҚА ПАЙДА МА, ӘЛДЕ ТАБЫС КӨЗІ МЕ?

Қазір БАД өнімдеріне деген сұраныс артып жатқаны жұртқа мәлім. Ал негізіне келетін болсақ, ол шынымен емдік дәрі ме, әлде тек бизнес үшін арналған ба?

Жалпы биологиялық белсенді қоспалар (БАД) – бұл өсімдік, жануар немесе минерал тектес табиғи шикізат негізінде жасалған препарат. БАД дәрілік емес қоспалар санатына жатады. Олардың қызметі – денені пайдалы компоненттермен қамтамасыз ету. Олар дененің бейімделу қабілетін арттырады, диетадағы қоректік заттар мен дәрумендердің жетіспеушілігін оның калориясын арттырмай толтырады. Биологиялық белсенді қоспалар әртүрлі аурудың алдын алу мен емдеуде маңызды рөл атқарады, организмнен зиянды заттарды кетіруге, метаболизмді қалыпқа келтіруге қабілетті. Оларды тек дұрыс қолдану керек.

Қазақстанда тағамдық және биологиялық белсенді қоспаларды өндіруге (лайықтауға), әкелуге (импорттауға) және өткізуге тіркеуден кейін ғана рұқсат етіледі.

Ал енді осы дәрумен адам ағзасына қаншалықты пайдалы? Халық не дейді? Пікірлерден көрейік.

«Макро және микроэлементтер мен витаминдерден тұратын биологиялық белсенді қоспалар өсімдіктерден, жануарлардан және минералдардан өндіріледі. Сырттан қарағанда мұндай қоспалар дәрілік препараттарға қатты ұқсас келеді. Бірақ «БАД» – дәрі емес! Олардың басты айырмашылығы – олардың құрамында белсенді қоспа көп. Қазақстан Республикасының «Дәрілік заттар туралы» заңының 1-бабының 6-тармағында: «Биологиялық белсенді қоспалар – фармакологиялық белсенділікке ие болатын және аурулардың алдын алу және емдеу үшін қолданылатын табиғи немесе олармен бірдей биологиялық белсенді заттардың кон-

центраттары» деп түсінік берілген. Биологиялық белсенді қоспаларға нем-құрайды қарап, қалай болса, солай ішуге болмайды. Егер өзіңізді әлсіз сезініп, шашыңыз түсіп, тырнағыңыз сына беретін болса, одан да басқа белгілер байқалса, онда медициналық тексеруден өтіп, анализ тапсырғаныңыз жөн. Не ішсеңіз де, дәрігермен кенескен абзал. Кейбіреулер таңыстарының «басымның ауырғаны қойды», «үстімдегі жара кетіп қалды» деген сөздеріне сеніп, соны алып ішеді. Бес саусақ бірдей емес, сол секілді бір адамның ағзасы екіншісіне ұқсамайды. Осыны ескеру керек», – деді Ақмарал Баспақова әлеуметтік желіде берген сұхбатында.

Ал репродуктолог дәрігер Валерия Нехорошеваның айтуынша: «Қазіргі таңда гепатоз бен гепатиттің негізгі себептерінің бірі – В немесе С гепатиті емес, бақылаусыз қолданылатын биологиялық белсенді қоспалар. Оларды кейде адамдар өз бетінше қабылдайды, кейде дәрігерлер тағайындайды. Кейбір тізімдерде 30 түрлі препараттың жартысынан көп бөлігі БАД болған жағдайлар кездеседі. Адамдар бұл қоспаларды көп мөлшерде пайдаланады. Кей жағдайда ешқандай ауыр салдары байқалмайды, бірақ көбіне асқынуды гастроэнтерологқа жүгініп кезде анықталады. Яғни алдымен бауырды зақымдап алып, кейін оны емдеуге мәжбүр болады. Мұның бәрі БАД-тардың әсерінен болуы мүмкін. Қазақстанда дәрілік



препараттар қатаң тексеруден өтеді, ал БАД-қа мұндай талаптар қойылмайды. Олар «дәрілік зат емес» деп жазып, кез келген жарнама жасай алады, түрлі үде береді, «дейін және кейін» форматындағы жарнамаларды қолданады. Сонымен қатар, дәріні тіркеу ұзақ уақыт алса, БАД-ты тіркеу әлдеқайда қысқартып тез жүзеге асады».

Халықтың айтуынша, кейбір БАД пен витаминдер біреуге жақсы әсер беруі мүмкін. Мысалы, бір адамның көру қабілеті жақсарып, өзін сергек сезіне бастағаны айтады. Ал енді біреулер арықтауға арналған «молекула» немесе түрлі витаминді қолданғандан кейін, керісінше гормондарына әсер етіп, денсаулығы нашарлап, бұрынғыдан да көп салмақ қосқанын айтады. Сондықтан кез келген БАД немесе арықтататын өнім адамға бірдей әсер етеді деуге болмайды. Әр ағзаның қабылдауы әртүрлі. Интернетте сатылып жатқан түрлі витамин мен арықтауға арналған өнімдерді өз бетінше қабылдауға кенес бермейміз. Оларды тек дәрігердің кеңесімен және ресми түрде тексерілген жағдайда ғана қолданған дұрыс. Себебі денсаулық – тәжірибе жасайтын алаң емес.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, БАД – ауруды емдесейді, дертке дауа болатын дәрі емес, тек ағзадағы нақты дәлелденген тапшылықты толықтыратын көмекші құрал.

Кәусар ТҮПСЫНХАН

«ҚЫЗЫЛОРДА ТАЗАЛЫҒЫНДА» «WASTE MANAGEMENT» ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

«Қызылорда тазалығы» мекемесі қаланың санитарлық тазалығын қамтамасыз ету бағытында кешенді жұмыстар атқарып келеді. Мекеме бойынша жалпы штаттық бірлікте 600-ге жуық адам қызмет атқарады. Оның ішінде арнайы топтар, шеберлер, операторлар және өзге де мамандар бар.

Мекеменің негізгі міндетіне көше сыпыру, бордюр өкпеу мен олардың жиектерін тазалау, жаз айында су себу, ал қыста қардан тазарту жұмыстары кіреді. Сонымен қатар, қала аумағындағы аллея мен саябақтардың, жалпы көшелердің тазалығына тікелей жауапты.

Санитарлық тазалықтан бөлек, мекеме қоқыс шығару қызметін де жүйелі түрде жүзеге асырады. Мәселен, қала бойынша 1050-ге жуық көпқабатты тұрғын үй қамтылған және бұл аумақтардан қоқыс күнделікті шығарылады. Ал жеке сектордағы жұмыс бағытының өзіндік айырмашылығы бар, мұнда қоқыс арнайы бекітілген кесте бойынша жиналады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елді цифрландыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес, мекеме жұмысына заманауи цифрлық бағдарламалар енгізілуде. Қазір «Қызылорда тазалығы» мекемесінде бақылау мен қалағалауды күшейтетін «Waste Management» бағдарламасы іске қосылған.

Қоқыс жинау және тасымалдау қызметімен айналысатын барлық қызметкер арнайы гаджеттермен қамтамасыз етілген. Бұл құрылғылар орнатылған арнайы бағдарлама арқылы жұмысшылар қоқысты алу барысында және алғаннан кейін фотофиксация

жасап, жүйеге енгізіп отырады. Гаджетте іске қосылған жасанды интеллект жүйесі бұрын түсірілген немесе жалған суреттерді қабылдамайды. Бұл жұмыстың нақты әрі сапалы орындалғанына сенімді көз жеткізуге мүмкіндік береді.

Мұндай цифрландыру үдерісінің нәтижесінде барлық жұмыс барысын монитор арқылы жүйелі басқаруға жол ашылды. Арнайы бағдарламаның көмегімен көліктің базадан қашан шыққанын, қай техниканың қай бағытта жүргенін, қай аумақта қоқыс алынып, қай жерде алынбағаны нақты уақыт режимінде көруге болады.

Бұл жүйенің енгізілгеніне 2 ай болған және оның жұмыс өнімділігі мен сапаны арттырудағы тиімділігі жоғары. Алдағы уақытта бағдарламаға жеке секторды (жер үйлерді) да қосу жоспарлануда. Айта кетерлігі, бұл электронды жүйені қалалық әкімдік пен жауапты министрлік те тікелей бақылап отырады.

Сонымен қатар, Жедел басқару орталығында да осы жүйеге ұқсас бақылау орнатылған. Қала бойынша 500-ден астам бейнебақылау камерасы жұмыс істеп тұр. Оған қоса, шаһар аспанында күнделікті 5-6 дрон ұшып, бақылау жүргізеді. Жедел басқару



орталығының камералары мен дрондардың көмегімен белгіленбеген орындарға қоқыс тастау деректері анықталып, заң бұзушыларға тиісті айыппұл салынууда.

Қызметкерлердің орташа жалақысының өсу динамикасы: 2023 жылы – 170 000 теңге, 2024 жылы – 230 000 теңге, 2025 жылы – 270 000 теңге, 2026 жылы – 300 000-340 000 теңге. Қадрлық құрамға келсек, тазалық бөлімінде 204, қоғалдандыру және су жеткізу бөлімінде 45 қызметкер бар. Сонымен қатар 3 диспетчер, 79 жұқ тиесуші және 50 қосалқы жұмысшы еңбек етеді.

Жүргізушілер құрамында 112 штаттық бірлік қаралған. Оның ішінде нақты 106 жүргізуші және 6 слесарь-моторист маманы бар. Ал инженерлік-техникалық қызметкерлердің саны 23 адам.

Техникалық әлеуетке келсек, мекеме тентерінде жалпы 178 дана техника бар. Арнайы техникалар саны – 129, қоқыс тасымалдаушы техникалар – 29, маусымдық (қысқы/жазғы) көше тазалау техникалары – 75, жеңіл автокөліктер саны – 19 дана.

Міне, «Қызылорда тазалығы» мекемесіне табан тіреп, азды-көп көргеніміз – осы.

Ғайһар АБАТ,
Бексұлтан АҚЫСЕНОВ

Басы 1-бетте

Мәселен тойханада немесе қоғамдық тамақтану орындарында кейбір жасөспірімдер түн жарымына дейін жұмыс істейді. Ал заң бойынша кемелетке толмағандардың жұмыс уақыты шектелген және олардың денсаулығына зиян келтіретін, ауыр жұмыстарға тартылуына жол берілмейді. Соған қарамастан қосымша табыс табуға талпынған жастар кейде өз құқығын білмегендіктен артық жұмыс істеуге мәжбүр болады.

Тағы бір мәселе – еңбек қатынастарының ресми рәсімделмеуі. Көп жағдайда жасөспірімдер жұмысқа

жасөспірімдердің еңбек құқығын қорғауға және қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы жылдың басынан бері «Менің жазғы демалысым» бөлімі арқылы 1,5 мыңнан оқушы жұмысқа орналасқан. Ал өткен жылы аталған жоба аясында 4 552 оқушы еңбекпен қамтылған. Жалпы, бытырдан бері жұмыспен қамтудың белсенді шараларына 8,5 мыңнан астам жас тартылып отыр.

Статистикалық дерекке сәйкес, жастардың басым бөлігі қоғамдық жұмыстарға қатысқан. Министрлік мұндай жұмыс түрлеріне орнала-

Аталған оқиғадан кейін ата-аналар тарапынан қадағалау күшейіп, жауапкершілік жүгі еселене түскендей. Себебі жыл басында білім саласына қатысты маңызды жаңалықтардың бірі жарияланып, жаңа заң қабылданған еді. Педагогтердің құқығын қорғауға және оларды өз міндетіне қатысы жоқ артық жұмыстардан босатуға бағытталған заңнамалық өзгерістер әзірленді.

мен білім беру ұйымдарының басшылары оқушылар үшін тек сабақ барысында немесе мектеп

ұйымдастырған ресми іс-шаралар кезінде ғана жауап береді.

Ал сабақтан тыс уақытта баланың қауіпсіздігі, жүріс-тұрысы мен мінез-құлқы үшін жауапкершілік ата-аналарға немесе заңды өкілдерге жүктеледі. Бұл норма педагогтерді негізсіз айыптаулардан қорғап, олардың басты міндеті сапалы білім беруге көбірек көңіл бөлуіне мүмкіндік жасайды.

Сонымен қатар «Білім туралы» заңға енгізілетін түзетулер ата-аналардың жауапкершілігін күшейтуді көздейді. Енді олар педагогтердің құқықтарын құрметтеуге, мектеппен жасалған келісімшарт талаптарын сақтауға және баланың тәрбиесі мен мектептен тыс уақыттағы әрекеттері үшін толық жауапкершілік алуға міндетті.

Жалпы аталған өзгерістер мұғалім мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтеріп, өзара түсіністік пен сыйластықты нығайтады деген үміт бар. Өйткені ұстаздың негізгі міндеті – білім беру болса, баланың тәрбиесі мен қауіпсіздігі ең алдымен отбасының жауапкершілігінде болуы тиіс.

12 маусым – Халықаралық бала еңбегін қанауға қарсы күрес күні

Жыл сайын 12 маусымда әлем жұртшылығы Халықаралық бала еңбегін қанауға қарсы күрес күнін

тартылып, негізгі құқықтарынан айырылып отыр. Кейбірі ауыл шаруашылығында, құрылыс нысандарында немесе қауіпті өндіріс орындарында жұмыс істеуге мәжбүр болса, енді бірі көшеде сауда жасап, отбасын асырауға көмектеседі.

– Біздің тиісті заңнамада қандай жұмыс, неше сағатқа, неше жастан, кімді тартуға болатыны туралы жазылған. Егер заңдағы талаптар бұзылатын болса, мысалы 11 жастағы баланы қиын қара жұмысқа салып қойып, оған 10-15 сағат жұмыс істетіп қойса, әрине бұл заң бұзушылық екені белгілі. Сондықтан біз баланы еңбекке жегіп қою мен оны еңбекке баулудың ара жігін ажыратып алуымыз керек. Мысалы өзіміз ауылда тұрдық, мал жайғаддық, су тасыдық, қойдың кезегіне шықтық. Сабақтан тыс уақытта жазда да, қыста да жұмыс істедік. Одан жаман болған жоқпыз. Сондықтан еңбекке баулу деген өзіңнің саяжайыңда жұмыс істеу, үйде ыдыс жуу, төсегінді жинау, үй жинау деген сияқты жұмыстар адамды тәрбиелейтін бастамалар. Ал оны 15 сағат жұмыс істетіп қойса, өзі қаламаса, құқығы бұзылса ол бала еңбегін қанау болып есептеледі, – дейді мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов.

Халықаралық ұйымдардың деректеріне сәйкес, кейінгі жылдары бала еңбегін азайту бағытында оң өзгерістер байқалғанымен, бұл мәселе әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Әсіресе әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардағы балалардың еңбекке ерте араласу қаупі жоғары.

Қазақстанда да балалардың құқықтарын қорғау мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі саналады. Еліміздің заңнамасына сәйкес, кемелетке толмағандарды еңбекке тартуға белгілі бір талаптар қойылған. Жасөспірімдердің денсаулығына зиян келтіретін, ауыр немесе қауіпті жұмыстарға орналасуына тыйым салынған. Сонымен қатар олардың еңбек етуі оқу процесіне кедергі келтірмеуі тиіс.


Мамандардың айтуынша, бала еңбегін қанаудың алдын алуға ата-аналардың, білім беру ұйымдарының, мемлекеттік мекемелердің және жалпы қоғамның жауапкершілігі зор. Әрбір бала қауіпсіз ортада өмір сүріп, сапалы білім алып, өз кәбілетін дамытуға мүмкіндік алуы тиіс. Халықаралық бала еңбегін қанауға қарсы күрес күні – балалардың құқықтарын қорғаудың маңызды тартыс нүктесі еске салатын маңызды дата. Өйткені әрбір баланың бақыты балалық шаққа, сапалы білімге және жарқын болашаққа құқығы бар.

Мамандардың пікірінше, жасөспірімдердің еңбек етуіне толықтай тыйым салу дұрыс емес. Керісінше, олардың заң аясында, қауіпсіз ортада және жас ерекшеліктеріне сәйкес жұмыс істеуіне жағдай жасау қажет. Бұл ретте ата-аналар, жұмыс берушілер және мемлекеттік органдар бірлесіп әрекет еткенде ғана бала еңбегінің көлемі түстарының алдын алуға болады.

Еңбек – тәрбиенің маңызды құралы. Алайда әрбір баланың денсаулығы, қауіпсіздігі мен білім алуға деген құқығы бәрінен жоғары тұруы тиіс. Сондықтан жасөспірімнің жұмыс істеуі оның құқықтарының бұзылуына емес, болашағына пайда әкелетін мүмкіндікке айналуы тиіс.

Аружан ОРАЛБАЙ

ЕРТЕ ЖАСТАН ЕҢБЕК ЕТКЕНДЕР: ТӘЖІРИБЕ МЕ, ТӘУЕКЕЛ МЕ?



ешкандай келісімшартсыз қабылданады. Соның салдарынан еңбек-ақының уақытылы һәм толықтай төленбеуі, жұмыс барысында жарақат алу немесе басқа да даулы жағдай туғанда олардың құқығын қорғау қиынға соғады.

Халықаралық ұйымдардың мәліметінше, бала еңбегін қанау әлемнің көптеген елінде әлі де өзекті мәселе. Сондықтан мемлекеттер балалардың білім алуына, жан-жақты дамуына кедергі келтірмейтін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөледі. Қазақстанда да бұл бағытта заңнамалық талаптар өткен жылдан бастап қолға алынған.

14 жастан бастап еңбек ету заңды ма?

Жоғарыда атап өткен мәселеге кеңірек тоқталсақ, Елімізде оқушылардың жазғы демалыс уақытын тиімді өткізуіне және алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтауына мүмкіндік беретін жаңа тетік жұмыс істеуде. Енді мектеп оқушылары жаз мезгілінде қауіпсіз әрі ресми түрде жұмысқа орналасып, еңбек дағдыларын меңгере алады. Бұл туралы Үкімет отырысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Аскарбек Ертаев мәлімдеді.

Министрдің айтуынша, өткен жылдан бастап электронды еңбек биржасының epbek.kz платформасында «Менің жазғы демалысым» атты арнайы бөлім іске қосылған. Жоба жасөспірімдердің еңбек нарығына алғашқы қадам жасауына жағдай жасап, олардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Аталған бөлім арқылы 14 жастан бастап оқушылар платформаға тіркеліп, жеке кабинет аша алады. Сондай-ақ өз түйіндемесін орналастырып, бос жұмыс орындарын қарап, жұмыс берушілермен байланыс орнатуға мүмкіндік алады. Сондай-ақ 16 жасқа толмаған оқушылар үшін тіркеу рәсімдерін олардың заңды өкілдері жүзеге асырады. Министрлік өкілдерінің мәліметінше, платформа арқылы жұмысқа орналасқан кезде міндетті түрде еңбек шарты жасалады. Бұл талап жұмыс беруші мен қызметкердің арасындағы қарым-қатынасты заңдастырып қана қоймай,

су үшін арнайы кәсіптік білім мен жоғары біліктіліктің талап етілмеуімен түсіндіреді. Бұл өз кезегінде мектеп оқушылары мен жастардың еңбек қызметіне тез араласуына мүмкіндік береді.

Мамандардың пікірінше, жазғы жұмыспен қамту бағдарламалары жастардың қаржылық сауаттылығын арттырып қана қоймай, жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Сонымен қатар еңбек нарығының талаптарымен танысып, болашақ мамандығын таңдауға ықпал етеді. Биыл оқушыларды жұмыспен қамту шаралары оқу жылы аяқталған сәттен-ақ басталып кеткен көрінеді. Яғни қазірде мыңдаған жасөспірім жазғы демалысын тиімді өткізіп, алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік алу-да.

Енді мұғалім емес, ата-ана жауапты

«Жасөспірімдердің қауіпсіздігіне кім жауапты?» деген сауалға оралайық. Жұырда ғана орын алған жан түршігерлік оқиға елді дүр сілкіндірді. Жазғы демалыс бастала сала қоғамдық тамақтану орындарының біріне даяшы болып жұмысқа орналасқан 16 жастағы қыз 2 маусым күні үйінен шығып кетіп, қайта оралмаған. Тек ертесіне мәйіті аудан орталығына жақын су арнасынан табылған. Бүгінде күдікті анықталып, тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілуде.



Суреттер ашақ дереккөзден алынды

Осы уақытқа дейін мектептен тыс жерде немесе сабақ аяқталғаннан кейін оқушылармен болған түрлі жағдай үшін мұғалімдер жауапқа тартылып, негізсіз кінә тағылатын жағдайтар жиі кездесетін. Жаңа құжат бұл мәселеге құқықтық тұрғыдан нүкте қоюды көздейді.

«Педагог мәртебесі мен білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында мұғалімдердің міндеттері мен жауапкершілік шекарасы нақты айқындалған. Соған сәйкес, енді педагогтер тек өздерінің кәсіби қызметін атқару барысында ғана оқушылардың қауіпсіздігіне жауапты болады.

Заң жобасына сәйкес, мұғалімдер

атап өтеді. Бұл күннің басты мақсаты – балалардың құқықтарын қорғау, олардың білім алуына, денсаулығына және жан-жақты дамуына кедергі келтіретін еңбек түрлерінің алдын алу мәселесіне қоғам назарын аудару.

Аталған күн 2002 жылы International Labour Organization бастамасымен белгіленген. Содан бері әлемнің көптеген елінде бала еңбегінің ең ауыр түрлерін жоюға бағытталған іс-шаралар өткізіліп келеді.

Балалық шақ – әрбір адамның өміріндегі ең маңызды кезеңнің бірі. Бұл уақытта бала білім алып, ой-өрісін кеңейтіп, тұлға ретінде қалыптасуы тиіс. Алайда әлемнің әр түкпірінде миллиондаған бала ауыр еңбекке

БЕС АЙДА – 5832 БАЛА

Қызылорда облысында балалар денсаулығын қорғау және оларға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Соның нәтижесінде өңірде ана мен бала денсаулығын сақтау көрсеткіштері жақсарып, медициналық қызметтердің қолжетімділігі артып отыр. Жыл басындағы бес айда 6 мыңға жуық баланың аман-есен өмірге келуі де – сөзіміздің айғағы.

Мұны Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары Мая Мирзано-ва мәлімдеді.

Спикердің айтуынша, бүгінде облыс бойынша 18 жасқа дейінгі 322 597 балаға медициналық қызмет көрсетіледі. Балалардың сапалы әрі уақытылы медициналық көмек алуына барлық жағдай жасалған. Осы мақсатта өңірде 29 стационарлық мекеме, 104 амбулаториялық-емханалық ұйым, 101 дәрігерлік амбулатория, 29 фельдшерлік-акушерлік пункт және 93 медициналық пункт халыққа қызмет көрсетуде.

Балалар денсаулығын қорғау саласындағы оң көрсеткіштердің бірі – өңірдегі демографиялық өсімінің тұрақтылығы. Осы жылдың алғашқы бес айында облыста 5 832 нәресте дүниеге келген. Бұл көрсеткіш

аймақта ана мен балаға көрсетілетін медициналық көмектің тиімділігін де аңғартады.

Бүгінде балаларға көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыру мақсатында бірқатар маңызды жоба қолға алынған. Атап айтқанда, Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының жетекші мамандарымен бірлескен тәжірибелік жұмыстар жүргізіліп, күрделі диагнозы бар балаларды емдеу мен оңалту қызметтері жетілдірілуде. Сонымен қатар медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайту және мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру мәселесіне де ерекше көңіл бөлінуде.

Өңірде ерекше күтімді қажет ететін балаларға қолдау көрсету бағытында ерте араласу орталықтары мен ерте дамыту кабинеттері жұмыс істейді. Бұл қызметтер балалардың дамуындағы ауытқуларды ерте кезеңде анықтап, дер кезінде түзету жұмыстарын

жүргізуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде мыңдаған бала қажетті медициналық және психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылып отыр.

Балалар денсаулығын қорғауда халықаралық тәжірибені енгізу де маңызды бағыттардың бірі саналады. Осыған сәйкес облыста Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдары негізінде «Балаға мейірімді аурухана» қағидаттары кезең-кезеңімен енгізілуде. Бұл бастама медициналық ұйымдарда балаға қолайлы орта қалыптастыруға, ана мен баланың денсаулығын нығайтуға және көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға бағытталған.

– Балалардың денсаулығын сақтау – қоғамның болашағына салынған инвестиция. Сондықтан өңірде ерте дамыту және ерте араласу қызметтерін жетілдіру бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Осы мақсатта



Балалар құқығын қорғау комитетімен бірлесіп, Португалияның жетекші мамандарының қатысуымен облыстың 40 маманына арналған арнайы оқыту тренингі ұйымдастырылды. Мұндай тәжірибе алмасу шаралары сала қызметкерлерінің кәсіби деңгейін көтеріп, халықаралық стандарттарды өңірде тиімді енгізуге мүмкіндік береді, – деді Мая Мирзано-ва.

Брифинг барысында балалар денсаулығын нығайту, аурулардың алдын алу, профилактикалық тексерулердің сапасын жақсарту және медициналық көмектің қолжетімді-

лігін арттыру бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатыны айтылды. Бұл ретте заманауи медициналық технологияларды енгізу, білікті кадрлар даярлау және халыққа көрсетілетін қызмет сапасын жетілдіру басты назарда болмақ.

Жалпы өңірде балалар денсаулығын қорғау саласында атқарылып жатқан кешенді жұмыстар жас ұрпақтың дені сау болып өсуіне, олардың толыққанды дамуына және сапалы медициналық қызмет алуына берік негіз қалыптастырып отыр.

А.МАРАТҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

ТҮЙІМСІЗ ТӘРБИЕ: МОНТЕССОРИ НЕНІ ҰСЫНАДЫ?



Нан қиқымынан басталған ізденіс

атты кітап жарық көрді. Сол уақытта халықаралық Монтессори ассоциациясы ашылды орталық әлі күнге дейін аталған жұмыс істеп тұр.

Бала өзі біледі

Бұл әдіс бойынша 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар зейінін, шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін, есте сақтауды, сөйлеуді, елестетуді, қимылды дамытады. Яғни баланы «оқы, оқы» деп күштемейді, керісінше ойын негізінде оқытып, баламен тіл табысуға басымдық береді.

Тіпті бала дидактикалық материалдар мен сабақ уақытының ұзақтығын

ныс. Дүрмекке қосылмаса да, іштей баламың қай қалауына болсын балта шауып қалмайын деген дудәмал бар. Монтессори әдісі осы қорқыныштың алдын алатын бір таңдау тәрізді. Себебі бұл ортада баланың өз ойы, ішкі түйсігі өте маңызды. Кішкентай үйренушіге үлкендер пікірін тықпаламайды, тек сырттай қауіпсіздікті бақылайды.

ВВС дерегіне сүйенсек, дүниежүзінде Монтессори әдісімен білім беретін 60 мыңнан астам мектеп бар. Жазушы Габриэль Гарсиа Маркес, әнші Тейлор Свифт, Google негізін салушылар Ларри Пейдж және Сергей Брин және атақты аспаз Джулия Чайлд сынды танымал тұлғалар аталған мектептің түлектері. Арада бір ғасыр уақыт өтсе де «Монтессори мектебінің бала өміріндегі оң немесе теріс ықпалын ғылыми тұрғыда саралау оңай емес».

АҚШ зерттеушілері Монтессори мектебінің бірінде 5 жастағы балаларды кездейсоқ таңдап, олардың дамуын қадағалаған. Нәтижесінде балалардың сауаты, есептеуі, үлгерімі, әлеуметтік дағдылары қарапайым мектептегі балаларға қарағанда озық екені дәлелденген. Тіпті оқушылардың әңгіме айту және шығармашылық қабілеті жақсы дамығаны да байқалған.

Бұл балаларға әрекетті өз бетінше орындауға мүмкіндік беру есейе келе мәселенің шешімін тауып, қателерден

– Қызым кішкентай болса да «не қалайды, нені ұнатады, қандай киім кигісі келеді» деген сауалдарды жиі қойып отырамын. Бұл баламың талғамын қалыптастырады, қызығушылығын айқындайды. Сол үшін онымен үлкен адам тәрізді тілдесемін, көзқарасымыз келіспей жатса түсіндіруге тырысамын. Осы орайда Монтессори жүйесі маған үлкен көмек болды десем артық емес. Себебі балабақшада әр бала өзіне қызық көрінген, ұнайтын жұмысты ғана істейді. Монтессори бағытындағы балабақшаға барғалы қызымның зейін қою қабілеті жақсарды, ай сайын өз жасына сай жаңа дүние үйреніп, дамып келеді.

Ал Монтессори әдісі қымбат дейтін пікірге келіспеймін. Себебі сапалы дүние ешқашан арзан болмайды. Бала – біздің таңдауымыз, оның өмірге келуін біз қаладық. Сондықтан заман талабына сай бәсекеге қабілетті, сапалы ұрпақ тәрбиелеу – біздің міндетіміз. Балаға жақсы дүниені ұсына алу үлкен жауапкершілік, – дейді Ф.Сәкенқызы.

Тарихқа зер салсақ, Монтессори үшін балалар мен әйелдердің құқығы маңызды болғанын көруге болады. Тұтас бір ілімнің негізін салған оның өмірі қолдау мен қарсылықтың арасында өткені. Мәселен Монтессоридың Махатма Гандимен жақсы қарым-қатынас орнатып, қолдау көргені айтылады. Алайда наци-

да өзі таңдайды. Олар қателіктерін өздері байқап, үлкендердің көмегінің түзеуге бейімделеді. Ал Монтессори бөлмесінде «барлығымен еркін айналыс, бірақ басқаларға кедергі жасама» деген басты ереже сақталады. Бір қызығы, бұл әдісте топтық сабақ жүйесі болмайды, ауыр партаңның орнын жеңіл қозғалатын столдар мен отырғыштар, кілемшелер алмастырады. Монтессори ұстаз баланың өз бетімен жұмыс істеуін қадағалайды.

Бұл бағыт бойынша балаға білім дайын күйінде берілмейді. Керісінше балаға мүмкіндік ұсынып, жаңа дүниені өзі танып-білуге жол ашлады. Тарихта Мария Монтессоридың «Баланың өз бетімен орындай алатын ісін оның орнына орындамаңыз» деген әйгілі сөзі бар. Әрине кез келген ата-ана қолына алған еркесі үшін бәрін жасағысы келеді. Ес білгенше өзі киіндіреді, тамағын береді, ұйықтатады. Үлкендердің міндеті саналатын тамақ жасау, киім жуу, ыдыс жуу, үй жинау, өсімдікке су құю секілді жұмысқа «кішкентай адамдар» араласқан емес. Соның нәтижесінде дайын асқа үйренген, есейе келе жауапкершілік алудан аулақ бір буын өсетіні анық. Осы тұста Монтессори аталған тірліктің бәрін балаға өзі жасауға мүмкіндік беруді насихаттады. Қоғамға балалардың өздігінен білім алуға қабілетті екенін дәлелдеуге тырысты.

Сапасы да, бағасы да қымбат

Қазір психологтар жиі айтатын «детская травма» ұғымы жақсы та-



қорытынды шығаруға икемді тұлға ететінін көрсетеді. Бір сөзбен айтқанда, Монтессори білімінің басты ерекшелігі осы.

Ал әзірге бұл ілімнің бір анық кемшілігі бар. Монтессори мектептерінің көпшілігі ақылы, яғни қалталы ата-ананың балалары үшін ғана қолжетімді. Осы орайда Монтессори бағытындағы балабақшаға қызын апарып жүрген Фариза Сәкенқызының пікірін білген едік.

Монтессоридың балаларды оқытуда сөз бостандығына бала мән бергенін байқап, бұл жүйеге қарсы шыға бастаған. Тіпті 1934 жылы нацистер мектептің оқу бағдарламасын өзгертуге әрекеттенгенде, Мария Италидан кетіп қалады. Ол 81 жасында өмірден озғанша балалар тақырыбын жазуды, дамытуды тоқтатпады.

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА



АҚШ-тағы Педиатрия академиясының зерттеуіне сәйкес, 2 жасқа дейінгі балалардың экран алдында өткізген әрбір 30 минутты тілдің даму тежелуі қаупін 49%-ға арттырады. Экраннан келетін ақпарат – монолог. Ал баланың миды сөйлеуді үйрену үшін «реакция-жауап» принципіне негізделген диалогты талап етеді. Цинциннати балалар ауруханасының докторы Джон Хаттон жүргізген МРТ зерттеулері экранға көп қарайтын баланың миындағы тіл мен сауаттылыққа жауап беретін «ақ заттың» дамуы нашар болатынын дәлелдеген. Ал бізде екі баланың бірі телефонға тәуелді. Бұл баланың сөйлеу дағдысына қатты әсер етеді. Аталған мәселе туралы білу үшін логопед Күнмкүл Майорқызынан пікір алған едік.

– Бүгінгі таңда ең үлкен қауіп – бала тілінің кеш шығуы. Бұрын 2 жастағы бала еркін сөйлеп, өз ойын жеткізе алса, қазір бұл жастағы баланың көбі тек дыбыс шығарумен шектеледі. Мұның басты себебі – экранға байлану, – дейді маман.

Экран – бұл монолог. Бала «YouTube» немесе «TikTok» көргенде тек қабылдаушы болады. Оған жауап берудің, диалогқа түсудің қажеті жоқ. Ми «ақпаратты алдым» деп есептегенімен, сөйлеу аппараты, яғни ерін бүлшекеттері мен артикуляция жаттықпайды. Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, 1950 жылдары бала күніне орта есеппен 30 мың сөз еститін болса, қазіргі гаджет заманында бұл

ЗАМАН ӨЗГЕРДІ МЕ, БАЛА ӨЗГЕРДІ МЕ?

Уақыт керуені алға жылжыған сайын ұрпақ тәрбиесінің моделі де түбегейлі өзгеріске ұшырады. Сан соқтырған санды заман баланың тілін, мінезін біраз өзгеріске ұшыратты. Бүгінгі баланың даму бағыты қайда барады? Несімен ерекшеленеді? Ата-ана нені қаперден шығармауы керек? Бірге тарқатайық.

көрсеткіш 10 мыңға да жетпейді. Тілдің шықпауы – тек физиологиялық емес, әлеуметтік оқшауланудың нәтижесі.

Бұрынғы балалардың ойыны қимыл-қозғалысқа негізделген. Ұлдар асық ойнап, саусақ ептілігін арттырса, қыздар резенкеден секіріп, доп ойнап, физикалық тұрғыда белсенді болатын. Қазіргі бала күммен ойнамайды, моншақ тізбейді, пластилин илемейді. Оның бүкіл моторикасы – экрандағы видеоны алма кезек өткізу.

Күнмкүл Майорқызының айтуынша, мидың сөйлеу орталығы мен қолдың ұсақ моторикасын басқаратын орталық қатар орналасқан. Саусақ жұмыс істемесе, тіл де «жалқауланады». Табиғаттан алшақтау, таза ауада жүгірмеу және физикалық күштің жұмсалмауы баланың жалпы даму тежелуіне әкеп соғады.

Қабілет те, қарым-қатынас та өзгеріске ұшырады. Баланың мінезі де бір орында қалмады. Десе де маманның пайымдпнуына, бұл ата-анаға да байланысты дүние. Ендеше баланың мінез құлқы туралы педагог Назым Алиаскарқызының пікіріне зер салсақ.

– Қазіргі балалар сабырсыз, оларда еркелік басым. Мұның себебі – ата-ананың «балам жыламаса болды» деген ұстанымында. Ата-ана балаға телефонды қолдануға шектен тыс рұқсат береді. Кейін баланың зейіні тұрақсызданады. Балабақшадағы бір топта 25 бала бар. Олардың бәрін оқыту оңай емес. Ата-ана тарапынан көмек ретінде бала үйде де күн тәрбіне сәйкес жүрсе, моторика сияқты қабілеттерді алға тартса біздің жұмысқа демеу болар еді, – деді Назым Алиаскарқызы.

Маман шетелдің ойын бағдарламасы туралы да атап өтті. Балаларға ұлттық тәрбие беру – басты назарда. Себебі басқа елдің мәдениетіне сай жасалған ойын түрлері біз үшін жарамсыз. Тіл шұбырланады, ұлттық құндылық дәріптелмейді. Тіл демекші, баланың сөйлеуді де анық емес екенін жасыра алмаймыз. Қазақ қоғамындағы тағы бір мәселе – тілдік ортаның араласуы. Үйде – қазақша, көшеде

– орысша, ал телефонда – ағылшынша. Күнмкүл Майорқызының айтуынша, 3 жасқа дейінгі баланың миды мұндай ақпараттық ағынды ажырата алмай, үнсіз өтеді. Бұл – мидың өзін-өзі қорғауы. Бала қай тілде сөйлеу керек екенін білмей шатасады. Соның салдарынан ойын жеткізе алмай, ашуланшақ, тұйық болып өседі.

Маман үшін әр бала – үлкен жауапкершілік. Бірақ ата-ананың да уайымы бар. Көпбалалы ана Шолпан Байходжаева бұл туралы өз ойын айтқан еді.

Оның 19 жыл жас айырмашылығы бар балалары екі түрлі әлемде өсті. Тұңғыш қызы қиындықтармен, жоқшылықпен бірге ержетіп, өмірдің қадірін ерте түсінсе, кенже ұлы баршылық пен берекенің ортасына келді. Материалдық жағдай жақсарған сайын, ата-ана балаға бәрін бергісі келеді. Шолпанның айтуынша, баланың мінезі тек жасқа емес, оның табиғаты мен өскен ортасына байланысты. Балалардың мінезіндегі ерекшелік – бұл генетика мен тәрбие. Бірақ қазіргі балалардың «дайын асқа тік қасық» болып өсуіне қоғамдағы молшылық пен ата-ананың шектен тыс қамқорлығы жауапты етіп отыр. Оған әлі де ананың жылы дауысы, әкенің қолдауы және күммен ойнайтын еркіндік керек. Біз технологиядан қаша алмаймыз, бірақ технологияның баланы «тұтқынға» алуына жол бермеу керек.

Материалдық береке мен цифрлық мүмкіндіктер баланың тілі мен жанын кедейлендірмейді тиіс. Кешегі мен бүгінгі баланың айырмашылығы – тек технологияда емес, біздің оларға деген көзқарасымызда. Гаджетті сылтау еткенімізбен, баланың тәрбиесіне жауапты ең алдымен ата-ана. Баланың сауағы ойнап, тілі сайрап, зейіні тұрақты болуы үшін уақытымызды ғана емес, жанымызды да береміз керек. Заман қанша өзгерсе де, баланың тірі сөзге, ата-ананың мейіріміне және дұрыс ойынға деген қажеттілігі ешқашан өзгермейді.

М.НИЕТ

Қазір әлемде «цифрлы детокс отбасы» тренді пайда болғанын білесіз бе? 2026 жылғы зерттеулерге сәйкес, ата-аналар балаларды экран алдында отырғызудан бас тарта бастаған. Оның орнына отбасылық дәстүр мен табиғатта серуендеуді қолға алып, экрансыз ойындарға қайта оралғаны белгілі болды. Тіпті «Pinterest»-тің жаһандық трендтер есебінде «screen-free activities» (экрансыз іс-шаралар), «family traditions» және «digital detox» іздеулері айтарлықтай көбейген.

БАЛАЛАР «БАЛАЛЫҚ ШАҒЫНА» ОРАЛА БАСТАДЫ

Әдетте ата-аналар жұмыс бабынан босай алмаған сәтте ғана баланы телефон немесе планшеттегі ойындар арқылы алаң қылады. Бірақ бұл үлкендер баланы қараусыз қалдырды дегенді білдірмейді. Pew Research зерттеуіне сәйкес, ата-аналардың 86%-ы балалардың экран уақытын бақылауды маңызды деп санайды. Бірақ сауалнамаға қатысқандардың 42%-ы «мүмкін, балаға телефоннан басқа жақсы дүние ұсына алар ма едік?» деп ойлайтынын жеткізген. Яғни мәселе тек балада ғана емес, ата-аналардың жауапкершілігінде екені анық. Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі балаларға телефон қолдану ережелерін ескерткен. Олардың тек 19%-ы ғана бұл ережелерді үнемі сақтата алатынын мойындаған. Осыған қарап ережені, балалар ғана емес, кейде ата-аналардың өзі бұзатынын көруге болады.

Қазір мамандар смартфонды алып қоюға емес, оның орнын одан да жақсы дүниеге алмастыруға кеңес береді. Қызықты балама ретінде спорт, кітап оқу, шығармашылық үйірмелер, отбасылық ойындардың тиімділігі әлдеқашан дәлелденген. Осы орайда ата-ана балалар үшін айна іспетті, яғни үлкендер не жасаса кішкентайлар соны қайталайды. Жаңа зерттеулер ата-ананың өз телефонына көп үңілуі балалардың эмоциялық дамуына және мінез-құлқына теріс әсер етуі мүмкін екенін айтады. Қоғамдық ортадан да бұл көріністі жиі көруге болады. Үлкендер тілдесу мақсатында телефонға қол созса, артынша бала да смартфонға қызыға бастайды.

Мұнан бөлек сарапшылар жасанды интеллектпен сөйлесетін ойыншықтардың көбейіп жатқанын айтып, дабыл қағуда. Психологтар «балалар эмоциялық байланысты ата-анаман емес, AI-құрылғылармен құра бастай ма?» деп алаңдайды. Бір кездері ересектер балаларды дала ойынынан үйге кіргізе алмайтын. Ал қазір бәрі басқаша, кішкентайларды телефоннан ажыратуға үлкендер амал таппай жүр. Бірақ әлемдегі жаңа үрдіс экрансыз балалық шақты қайта қайтарады деген үміт бар.

Е.ЕРТАЙҚЫЗЫ



Суреттер ашық дереккөзден алынды

ТАБИҒАТТЫҢ ҚҰБЫЛҒАНЫН ҚОҒАМ ҰҚТЫ МА?

Басы 1-бетте

Қазақстан да бұл үдерістен сырт қалған жоқ. Керісінше, мамандар Орталық Азияны климаттық өзгерістерге ең осал өңірлердің қатарына жатқызады. Мысалы кейінгі 75 жылдың ішінде елдегі орташа температура шамамен 2 °C-қа көтерілген.

Былтырдың өзінде елдің басым бөлігінде рекордтық жылылық тіркелді. Өңірлер бойынша температура аномалиясы +1,10 °C пен +2,64 °C аралығында болды. Сондай-ақ 176 метеостанция экстремалды жоғары температураны көрсетті. Оның 138-інде 1941 жылдан бергі ең жылы жыл ретінде тіркелген көрсеткіштер байқалды. Яғни осы дерекке қарап-ақ біршама өзгеріс бар екенін аңғарамыз. Бұған не себеп?

Сауалға жауап іздеу үшін «Jasyl El» жастар еңбек жасақтарының республикалық штабы басшысының орынбасары, «Болашаққа қозғалыс» жеке қорының директоры Диас Бекмұратпен байланысқа шықтық. Қолда бар дерекпен бөліскенде сарапшы-маман бірден «IPCC»-дің 2023 жылғы есебіне тоқталды.

– Иә, Орталық Азия климаттық өзгерістерге ең осал аймақтардың бірі саналады. «IPCC»-дің 2023 жылғы есебінде: «Орталық Азиядағы жылыну әлемдік орташа көрсеткіштен жылдамырақ жүріп жатыр және Қазақстан климат өзгерісіне осал мемлекеттердің қатарында» деп нақты көрсетілген.

Ал «осы жыл тарихтағы ең ыстық кезеңдердің бірі болуы мүмкін» деген пікір жай болжам емес, нақты ғылыми дерекке сүйенген тұжырым деп айтар едім. Енді «мұндай өзгеріске не себеп?» деген сұраққа келсек, мұнда бірнеше фактор бар. Біріншіден, климаттың өзгеруінің негізгі себебі – атмосферада парниктік газдардың жиналуы. Ең алдымен көмірқышқыл газы, метан және азот тотығы. Бұл газдар атмосферада жылуды ұстап қалып, «жылу қақпағы» секілді әсер етеді. Соның салдарынан Жер бетінің температурасы көтеріледі. Бүгінде атмосферадағы көмірқышқыл газының көлемі тарихи максимумға жетті.

Екіншіден, ішкі факторлар да әсер етеді. Елімізде электр энергиясының 70%-дан астамы көмір арқылы өндіріледі. Бұл атмосфераға шығатын көмірқышқыл газының көлемін арттырады. Сонымен қатар су ресурстарын тиімді пайдаланбау, ирригациялық жүйелердің әлсіздігі, жердің тозуы, урбанизация, көлік санының көбеюі тәрізді кей өңірлердегі экожүйенің әлсіреуі де климаттық қысымды күшейтіп отыр, – дейді сарапшы.

Мұның салдары да қазірдің өзінде байқалады. Диас Бекмұраттың айтуынша, Іле Алатауы мен оңтүстік-шығыс аймақтағы мұздықтардың көлемі азайып келеді. Бұл Алматы мен оңтүстік өңірлердің су қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Екіншіден, өзендердегі су көлемінің төмендеуі байқалады. Іле, Ертіс және Сырдария өзендерінің су балансы өзгеріп жатыр. Бұл ауыл шаруашылығына қауіп төндіреді. Яғни аптап ыстықтың жиілігі мен қарқындылығы төмендемесе, алдағы 20-30 жылда Қазақстан үшін климат мәселесі тек экологиялық проблема емес, ұлттық қауіпсіздік, экономика, ауыл шаруашылығы, халық денсаулығы және көші-қон процестеріне әсер ететін стратегиялық факторға айналуы мүмкін.

Сарапшылардың болжамы бойынша, 2050 жылға қарай Қазақстандағы су тапшылығы қазіргі деңгейден бірнеше есе күшеюі мүмкін. Агроөнеркәсібіне де ықпал етіп, жайылымдардың өнімділігі төмендеп, жем-шөп тапшылығы артуы мүмкін. Ал еңбек өнімділігі де айтарлықтай азаяды. Халықаралық еңбек ұйымының (ILO) Working on a Warmer Planet атты зерттеуінде жоғары температура салдарынан 2030 жылға қарай әлемде жалпы жұмыс уақытының шамамен 2,2%-ы жоғалуы мүмкін, бұл 80 миллион толық жұмыс орнына тең экономикалық әсер береді деп көрсетілген. Әсіресе құрылыс, ауыл шаруашылығы, коммуналдық қызмет және өндіріс салалары тәуекел аймағында. Өйткені +40°C-тан жоғары температурада адамның физикалық еңбегіне төзімділігі төмендейді. Кей халықаралық зерттеулерге сәйкес, жоғары температура еңбек өнімділігін 10-20%-ға дейін төмендетуі мүмкін.

– Дегенмен, бұл болжам. Мұнда ең маңыздысы – бейімделу саясаты. Егер бүгіннен бастап су үнемдеу технологиялары енгізіліп, ауыл шаруашылығы климатқа бейімделсе, жасыл энергетика дамып, ғылыми мониторинг пен экологиялық саясат күшейсе, тәуекелдерді едәуір азайтуға болады. Меніңше, климаттың өзгеруін болашақтағы қауіп ретінде емес, бүгін басталған ұзақмерзімді сын-қатер ретінде қабылдауымыз қажет, – дейді Диас Бекмұрат.

ҚҰЙЫП ЖАУАТЫН ҚАР ҚАЙДА?

«Бұрын қар деген тізеден асатын еді...» дегенді сіз де жиі еститін шығарсыз. Міне, сол қар қазір қайда?

– Мәселен, қазір Астана қаласында тұрамын. Есімде, 2021 жылы қыс қатты болып, сәуірдің соңына дейін далада қар жатты. Әрине, бір жылдың ауа райына қарап нақты қорытынды жасау дұрыс емес, өйткені климат – ондаған жылдық үрдіс. Бірақ ғылыми тұрғыдан қарасақ, мұнда нақты тенденциялар байқалады. Қазақстанда кейінгі 70-75 жыл ішінде орташа температура шамамен +2°C-қа көтерілген. Ал температураның аз ғана өзгеруі жауын-шашынның түріне, қардың түсуіне, еру жылдамдығына және топырақтағы ылғал балансына тікелей әсер етеді, – дейді сарапшы.

Қар демекші, әлгіде жаңбыр мен су тапшылығын тілге тиек еттік. Кейінгі жылдары жауын-шашын тапшылығы мәселесіне байланысты жасанды жаңбыр технологиялары жиі талқылана бастады. Мысалы бұған дейін Алтай Айнабек жауын мөлшерін арттыру бастамасын көтерсе, жақында Түркістан облысында жасанды жолмен жаңбыр шақыру жобасы іске қосылды. Жалпы, мұндай технологиялардың тиімділігі қандай? Бұл климаттық мәселелерді шешудің нақты жолы ма, әлде уақытша тәсіл ғана ма?

– Мұндай технологияларға біржақты қарауға болмайды. Оның әлеуеті де, шектеуі де бар. Ең алдымен, жасанды жаңбырдың не екенін түсіну маңызды. Ғылыми тілде бұл cloud seeding, яғни бұлттарды модификациялау технологиясы деп аталады. Оның мәні – атмосферадағы жауын-шашын беруге дайын бұлттардың ішкі құрылымына әсер ету арқылы жаңбыр немесе қардың түсу ықтималдығын арттыру. Әдетте бұл үшін күміс йодиді, құрғақ мұз немесе тұз бөлшектері қолданылады. Арнайы ұшақтар, дрондар немесе жерүсті қондырғылары арқылы бұлттарға белгілі реагенттер шашылады.

Бірақ жасанды жаңбыр жоқ жерден бұлт жасап, аспаннан су «түсіру» емес екенін түсіну керек. Бұл – тек бар табиғи процесті күшейту механизмі. Яғни атмосферада ылғал мен бұлт жеткілікті болуы керек. Егер аспан ашық, ауа құрғақ болса, технология нәтиже бермеуі мүмкін.

Әлемдік тәжірибеге қарасақ, Қытай бірнеше жылдан бері ауыл шаруашылығын қолдау және құрғақшылықтың алдын алу үшін бұлттарды модификациялау технологиясын кең көлемде қолданады. БАӘ секілді шөлейт аймақтарда дрондар арқылы бұлттарға әсер ету тәжірибесі бар. Кей сараптамаларда қолайлы жағдайда жауын-шашын мөлшерін 10-20%, кей жағдайларда 30%-ға дейін арттыру мүмкіндігі айтылған. Бірақ бұл көрсеткіш өңірдің климатына, атмосфералық жағдайға және технология сапасына байланысты қатты өзгереді.

Қазақстан жағдайына келсек, меніңше, бұл технологияны толық шешім емес, қосымша құрал ретінде қарастыру дұрыс. Себебі біздің негізгі мәселеміз тек жауынның азаюында емес, су ресурстарын басқару жүйесінде жатыр. Кейде көктемде мол су келіп, тасқын болады, бірақ жазда су жетіспейді. Демек, мәселе тек жаңбыр шақыруда емес, сол түскен суды сақтау мен тиімді басқаруда, – деп түсіндірді Диас Бекмұрат.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САНА – ТЕК СЕНБІЛІККЕ ҚАТЫСУ ЕМЕС

Климат өзгеріп жатыр, оның салдары да айтарлықтай ауқымды. Бірақ бұл өзгеріске табиғат қана емес, адамның өзі де себепкер. Міне осы тұста эко сана мен экологиялық мәдениет жайында сөз қозғау қажет. Себебі климаттың өзгеруі туралы көп айтылғанымен, қоғам бұл мәселені әлі де жеткілікті деңгейде маңызды қабылдамайтындай көрінеді.

Жақында жүргізілген зерттеуге көз шалдық, ондағы нәтижеге сүйенсек, Қазақстанның 10 қаласында 30 мың адамнан сауалнама алынған. Ал респонденттердің 99%-ы еліміздегі қайта өңдеу зауыттарын білмейтінін айтқан.

– Қазақ қоғамындағы экологиялық мәдениетті бағалағанда, асығыс пессимизм де, артық оптимизм де орынсыз. Табиғатқа құрмет тамырымызда бар, бірақ ол толыққанды күнделікті өмір мәдениетіне айналды деу қиын.

Экологиялық сана тек қоқыс тастамау немесе сенбілікпен өлшенбейді. Ол – суды үнемдеу, энергияны тиімді пайдалану, табиғатқа зиян келтірмеу, қоғамдық көлікті таңдау, ағаш отырғызу сияқты жауапкершілік мәдениеті. Мұндай көзқарас отбасында, мектепте және қоғамдық ортада қатар қалыптасқанда ғана өмірлік дағдыға айналады.

Сондықтан экобілімді күшейту, түсіндіру жұмыстарын арттыру және жастарды экологиялық бастамаларға тарту – шешуші бағыттардың бірі.

«Jasyl El» жастар еңбек жасағы тек маусымдық жұмыс емес, жастардың экологиялық санасын, еңбекке көзқарасын және азаматтық жауапкершілігін қалыптастыратын қоғамдық мектепке айналды. Мысалы кейінгі екі жылда жоба аясында 1,5 мыңнан астам экологиялық іс-шара өтіп, 2 миллион тоннаға жуық қалдық жиналды, 5,5 миллионнан астам ағаш отырғызылды. Ал 2021-2025 жылдары республика бойынша 1 миллион гектардан астам аумаққа 1,6 миллиардқа жуық көшет егілді, елді мекендерде кейінгі бес жылда 18,4 миллион ағаш отырғызылды. Әрине, мәселе

орындарын жою жұмыстарын жеткіліксіз орындағандар айыппұл арқалады.

– Осыған байланысты биыл жергілікті атқарушы органдардың 15 лауазымды тұлғасы әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жалпы көлемі 3,7 миллион теңге айыппұл салынды, – деді Ерболат Қожықов.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАЛДЫҚҚА ТОЛҒАН АЛАҢ

Әлеуметтік желіде кеңінен тараған видеоны сіз де көрген шығарсыз. Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданына қарасты Байқоныс ауылындағы коқыс алаңынан шприц, биоматериалы бар сынауықтар мен медициналық қалдықтарға толы қаптар табылды. Тәркіленген медициналық қалдықтардың салмағы 144 келден асады, ал су айдынынан небәрі 450 метр қашықтықта орналасқан. Ауыл тұрғындарының шағымнан кейін, елді мекенге полиция қызметкерлері мен санитариялық-эпидемиологиялық департамент мамандары барып, аумақ қоршауға алынды. Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гүлдана Кереева мәлімдеме жасап, топырақ сынамаларының санитарлық-химиялық, микробиологиялық көрсеткіштерге алынғанын айтты.

– Алдын ала нәтижелері 3-7 күн аралығында шығады. Сонымен қатар медициналық қалдықтардың жатқан жеріне хлор өнімі бар препараттармен залалсыздандыру жұмысы жүргізілді. Медициналық қалдықтарды құдық қорғау органдары мөрледі, – деді Гүлдана Кереева.

Қазақстанда медициналық қалдықтарды жинау, сақтау, тасымалдау, залалсыздандыру және жоюдың нақты бекітілген тәртібі бар. Бұл талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ-96/2020 бұйрығымен бекітілген санитариялық қағидаларда нақты көрсетілген.

Бұл жайында Диас Бекмұрат: – Медициналық қалдықтар 5 класқа бөлінеді. А класына тұрмыстық қалдықтарға ұқсас қауіпсіз қалдықтар, Б класына эпидемиологиялық қауіпті, В санатына аса қауіпті эпидемиологиялық қалдықтар жатса, Г мен Д класына токсикологиялық қауіпті және радиоактивті қалдықтар кіреді.

Санитарлық талаптарға сәйкес, шприцтер мен биоматериалдар сары немесе қызыл түсті арнайы таңбаланған, тесілмейтін және герметикалық контейнерге жиналады. Олардың сыртында медициналық мекеменің атауы, бөлімшесі, жиналған күні және жауапты тұлғаның мәліметі көрсетілуі керек. Бұдан кейін олар лицензияланған ұйымдар арқылы арнайы тасымалданып, муфельді пештерде өртеу, инсинерация немесе басқа да залалсыздандыру әдістері арқылы жойылады. Яғни мұндай қалдықтарды қарапайым полигонға көмуге немесе тұрмыстық коқыспен бірге тастауға заң жүзінде тыйым салынған.

Ал Батыс Қазақстан облысында табылған қаны бар пробиркалар мен пайдаланылған шприцтер, алдын ала бағалау бойынша, Б немесе В класындағы эпидемиологиялық қауіпті медициналық қалдықтарға жатады. Мұндай қалдықтар арнайы талаппен жойылуға тиіс, – деді ол.

Бүгінге жазарымыз осы, оқырман! Табиғаттың құбылғанын ұқтық па, әлде...

Әлия ТӘЖІБАЙ



тек сандық көрсеткіште емес. Ең бастысы – осы жұмыстардың тұрақты экологиялық мәдениетке айналуы, – деді ол.

Сонымен қатар Астана мен Алматыда ашылған эко-хабтардың да форматы ерекше. Мұнда тұрғындар пластик, қағаз, әйнек, алюминийді тапсырып қана қоймай, балалар мен жастарға арналған экобілім беру сабақтарына, шеберлік сағаттарына қатысады. Кей орталықтарда арнайы велоредер арқылы пластик қақпақтарды ұсақтап, брелок, телефонға арналған тіреуіштер, ойын элементтері немесе тұрмыстық бұйымдар жасауға болады. Ал қайта өңделген пластиктен шахмат такталары, балалар ойын алаңдары, қоғамдық орындарға арналған элементтер жасалады. Мысалы белгілі бір түстегі пластик қақпақтарды бөлек жинау арқылы эстетикалық әрі сапалы жабындар дайындалады. Сонымен қатар қайта өңдеуге арналған автоматтар да бар. Пластик немесе алюминий ыдыстарын арнайы құрылғыларға өткізіп, шағын бонус немесе қайырымдылыққа бағытталатын қаражат жинай аласыз.

884 ЗАҢСЫЗ ПОЛИГОН АНЫҚТАЛДЫ

Иә, мұның барлығы дұрыс-ақ. Бірақ мына ақпаратқа зер салыңызшы, биыл елде 884 заңсыз коқыс полигоны анықталды. Көш басында – Абай облысы. Мұнда 137 коқыс полигоны анықталған. Қостанайда 113, ал Ұлытауда 100 полигон тіркелген. Десе де бұл сандар жылдан жылға азайып бара жатқанын да айтқан жөн. Мысалы Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің төрағасы Ерболат Қожықовтың айтуынша, 2020 жылы 8884 заңсыз коқыс полигоны анықталып, 70 пайызға жуығы жойылған. Кейінгі жылдары 7328, 5683, 5533, 4886 полигон тіркелді. Ал былтыр 3828-ге дейін азайды, Тексеру жұмыстары 2018 жылы 16 елді мекенді қамтыса, бүгінде бақылау аймағы 46 елді мекенге дейін кеңейген.

Ал жауапкершіліктің жүгін түсінбегендер, коқыс



ЖАҢА БАСШЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге орай мәжіліс өтті. Онда Денсаулық сақтау министрлігі аппараты басшысының бұйрығымен Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы лауазымына тағайындалған Жақсылық Жанерке Алмасқызы таныстырылды.



Облыс әкімі жаңа басшыға өңірде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналымын қатаң бақылауда ұстап, медициналық қызмет сапасы мен қолжетімділігін арттыруда нәтижелі жұмыс жүргізуді тапсырды.


Жанерке Жақсылық 1992 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Марат Осанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Медицина», «Жалпы медицина» мамандықтары бойынша білім алған.

Еңбек жолын 2017 жылы Қызылорда қалалық №3 емханасында дәрігер ретінде бастаған. Әр жылдары осы емханада бөлім меңгерушісі, аймақтық дәрігер, бас дәрігердің орынбасары болған.

2023 жылдан бастап бүгінге дейін Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары қызметін атқарып келді.

«АЖ-ақпарат»

ТАРАЗЫ БАСЫНДА ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН АЛКОГОЛЬ



Алкогольді сусынның мереке мен демалыстың бір бөлігіне айналғаны қашан?! Көпшілік оны күйзелісті азайтудың немесе аздап серігіп алудың тәсілі ретінде қабылдайды. Бірақ спирттік ішімдіктерді аз мөлшерде болса да тұрақты тұтыну – ағзаға кері әсер етеді.

Ол ең алдымен жүйке жүйесіне зиян келтіреді. Бірнеше жұтымнан кейін-ақ адамның зейіні төмендеп, реакция жылдамдығы баяулайды және шешім қабылдау қабілеті нашарлайды. Тұрақты түрде ішімдік ішу есте сақтау қабілетіне, эмоционалдық жағдайға және ұйқы сапасына кері әсер етеді. Сонымен қатар көңіл күй мен мотивацияға жауап беретін нейромедиаторлардың түзілуін бұзады. Сондықтан уақытша босанудан кейін жиі мазасыздық, ашушандық және эмоционалдық шаршау пайда болады.

Бауыр – алкогольді өңдейтін негізгі мүше. Ішімдікті жиі тұтынғанда бауыр жасушалары ақырындап бұзыла бастайды. Бұл бауырдың майлануы, алкогольдік гепатит, бауыр циррозы секілді ауруларға алып келеді.

Өкінішке қарай, кей адам алкогольді аз мөлшерде тұтынуды жүрекке пайдалы деп ойлайды. Алайда қазіргі зерттеулер алкогольдің қауіпсіз мөлшері жоқ екенін көрсетеді. Керісінше гипертония, аритмия, инсульт, инфаркт секілді ауруға ұшыраудың қауіпін арттырады. Сонымен қатар қан тамырларының жағдайын нашарлатып, ағзадағы созылмалы қабыну процестерін күшейтеді.

Назар аударатын маңызды дерек – алкоголь өте калориялы өнім. Мысалы бір грамм спирттің калориясы майдың калориясына жақын. Тіпті

сыртқы келбетке әсер етеді: тері құрғайды, ісінулер пайда болады, бет түсі нашарлайды, қартаюу процесі жылдамдайды. Сонымен қатар ұйқы сапасын төмендетеді, ал бұл азаның қалпына келуіне және энергия деңгейіне тікелей әсер етеді.

Алкогольдің басты мәселесі – оның қоғамда қалыптасқан жағдай ретінде қабылданыуы. Көпшілік мерекеде немесе демалыс күндері тұтынудың зияны жоқ деп есептейді. Бірақ ағза алкогольді қандай жағдайда да улы зат ретінде қабылдайды.

Алкоголь – ағзаға түсетін қосымша жүктеме. Одан бас тарту немесе тұтынуды азайту ұйқыны жақсартады, энергия деңгейін арттырады, қабынуды азайтады, жүрек пен бауыр денсаулығын сақтайды, жалпы өмір сапасын жақсартады.

Денсаулық – бұл күнделікті таңдау. Кейде ең пайдалы таңдау – алкогольге «жоқ» деу.

Жанар КАЛМАКОВА,

Қызылорда жоғары медициналық колледжінің директоры, дәрігер-гигиенист, нутрициолог,

Жанна НУРБЕРГЕН,

Астана медицина университеті академик Е.Д.Дәленов атындағы Профилактикалық медицина ҒЗИ салауатты өмір салты орталығының жетекші ғылыми қызметкері, дәрігер-диетолог

Қоғамда денсаулыққа қатысты ақпарат қолжетімді болғанымен, ауру-сырқаудың түрі азайған жоқ. Керісінше, жасарып барады. Бұрын егде жастағы адамдарға тән саналатын дерт енді жастардың өміріне дендеп еніп жатыр. Бір қарағанда технология дамыды, медицина ілгеріледі, өмір сапасы артты. Бірақ ауру неге жасарып барады?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне сүйенсек, жасөспірімдер мен жастар арасындағы басты қауіптердің қатарында психикалық денсаулық мәселелері, семіздік, қант диабеті, жүрек-қан тамырлары аурулары, зиянды әдеттер және қатерлі ісіктің кейбір түрі бар. Әлем бойынша әр жетінші жасөспірім психикалық ауытқудың қандай да бір түрімен өмір сүреді. Депрессия мен мазасыздық – жастар арасындағы ең кең таралған сырқат. Тіпті суицид 15-29 жас аралығындағы адамдар өлімінің негізгі себептерінің бірі.

Бұрынғы жастар ашқұрсақ жүрсе де далада доп қуалап, қимыл-қозғалыспен өсетін. Қазіргі ұрпақтың басты серігі – смартфон. Орташа есеппен алғанда көптеген жас тәулігіне бірнеше сағатын экран алдында өткізеді. Қозғалыстың азаюы семіздікке, зат алмасу бұзылыстарына және ерте жастағы диабетке жол ашады. Дәрігерлер кейінгі жылдары жастар арасында екінші типті қант диабетінің жиілеп келе жатқанын айтып дабыл қағуда. Бұрын мұндай диагноз көбіне егде адамдарға қойылса, қазір мектеп оқушылары мен студенттердің арасында кездеседі.

Мәселе тек тамақтануда емес. Біз ұйқыны да құрбандыққа шалдық. Себебі түнгі сағат екіге дейін әлеуметтік желі ақтару қалыпты құбылысқа айналды. Ал мұндайда ұйқы тапшылығы иммунитеттің әлсіреуіне, гормондық теңгерімнің бұзылуына, күйзелістің артуына алып келеді. Біле

білсеңіз, ұйқысыздық – өлімге әкелетін қауіпті құбылыс. Бірақ жастардың көбі мұны денсаулыққа төнген қатер деп емес, күнделікті өмір салты ретінде қабылдайды.

Тағы бір күрделі мәселе – психикалық денсаулық. Біз қоғам ретінде бұл тақырыптан әлі күнге дейін қашықтаймыз. Көп жағдайда депрессияға ұшыраған адамға маман көмегін

асказан, ұйқы безі, сүт безі және бүйрек қатерлі ісіктері, тіпті буын сырқаттарының ерте жаста анықталу жағдайлары көбейген.

Кейбір халықаралық болжамдар бойынша, ерте жастағы қатерлі ісік жағдайлары алдағы жылдары да артуы мүмкін. Ең қауіптісі – жастардың өз денсаулығына тым сенімді болуы. Көпшілік ұзаққа созылған шаршауды, себепсіз салмақ жоғалтуды,

өткізетін жылдар саны дәл сондай қарқынмен өспей отыр. Яғни өмір ұзарып жатыр, бірақ аурумен бірге өмір сүру кезеңі де көбейген.

Жастар арасындағы өлім себептері де өзгерді. Бұрын жұқпалы аурулар негізгі қауіп саналса, бүгінде жол-көлік апаты, психикалық денсаулық проблемалары, өзіне қол жұмсау, алкоголь мен есірткіге тәуелділік, зорлық-зомбылық секілді факторлар алдыңғы қатарға шыққан. Әлемде 2021 жылдың өзінде 10 мен 24 жас аралығындағы 1,5 миллионнан астам жас көз жұмған. Яғни тәулігіне шамамен 4500 адамның өмірі қиылды деген сөз. Ең сорақысы, бұл статистика өсіп келеді.

Өкінішке қарай, көптеген жас жылына бір рет болса да медициналық тексеруден өтпейді. Қан қысымын, қант мөлшерін немесе холестерин деңгейін тексеру ерте адамдардың шаруасы сияқты көрінеді. Алайда инфаркт пен инсульттің де жасарғаны жасырын емес.

Қоғамдағы тағы бір қайшылық – сыртқы келбетке деген шектен тыс әуестік. Денсаулықтан бұрын сымбатқа мән беретін болдық. Әлеуметтік желідегі мінсіз бейнелерге ұқсауға тырысқан жастар түрлі диетаға, күмәнді қоспаларға және тез нәтижеге жеткізуді уәде ететін тәсілдерге жүгінеді. Бірақ әдемі көріну мен сау болу – бір ұғым емес. Кейде сырттай мінсіз көрінетін адамның ағзасында күрделі мәселе жатуы мүмкін.

Шын мәнінде бүгінгі жастардың басты жауы – уақыт тапшылығы емес, денсаулыққа немқұрайдылық. Ұйқыдан, демалыстан, спорттан, дұрыс тамақтанудан үнемдеп жүрміз. Бірақ бұл үнемнің құны өте қымбат. Денсаулық бір күнде жоғалмайды. Ол жылдар бойы қалыптасқан қатер әдеттердің салдарынан әлсірейді.

Қазіргі жастар білімге, мансапқа, табысқа ұмтылады. Бір дұрыс. Бірақ сол жетістіктердің қызығын көруге денсаулық болмаса, одан не қайыр? Немқұрайдылық танытпайық. Орны толмаса өкінішке жол бермейік, құрметті оқирман. Деніміз сау болсын!

Қорлан САРЫ

АУРУ НЕГЕ ЖАСАРДЫ?



ұсынудың орнына «бәрі жақсы болады», «ойлама», «өзінді қолға ал» деген кеңеспен шектелеміз. Алайда мамандардың пікірінше, психикалық аурулардың басым бөлігі 18 жасқа дейін басталады.

Келесі жастар денсаулығына қатысты ең алаңдатарлық үрдістің бірі – қатерлі ісік. Ұзақ уақыт бұл дерт қартаюмен бірге келетін ауру ретінде қарастырылды. Алайда кейінгі зерттеуге зер салсақ, жағдайдың нашарлағанын байқаймыз. Әлемнің көптеген елінде 50 жасқа дейінгі адамдар арасында қатерлі ісік ауруының жиілігі артып барады, тіпті әлеуметтік желіден де жастардың жиі сырқаттанғанын көзіміз шалады. Әсіресе тоқ ішек,

іштің ауруын немесе басқа да белгіні уақытша құбылыс деп қабылдайды. Соның салдарынан ауру кеш анықталады. Дәрігерге соңғы сатыда ғана жүгінеді.

Ал жастардың өмір сүру ұзақтығы туралы не айтуға болады? Бір қарағанда адамзат бұрынғыдан ұзақ өмір сүріп жатыр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сәйкес, жаһандық өмір сүру ұзақтығы 2000 жылғы 66,8 жастан 2019 жылы 73,1 жасқа дейін өскен. Бұл медицина мен қоғамдық денсаулық сақтау саласының жетістігін көрсетеді. Алайда мәселенің екінші жағы да бар. Адамдар ұзақ өмір сүргенімен, дені сау күйде

ОҚЫРМАННАН САУАЛ

«Жақында ана атандым.

Кейінгі уақытта өзімді шаршаңқы, көңілсіз сезінемін, кейде ештеңеге зауқым соқпайды. Бұл жай ғана босанғаннан кейінгі шаршау ма, әлде босанғаннан кейінгі депрессия болуы мүмкін бе?

Егер расында босанғаннан кейінгі депрессия болса, маған және жақындарыма не істеу керек, қай кезде маманға жүгінген дұрыс?»

Босанғаннан кейінгі депрессия қалай байқалады?

Босанғаннан кейінгі депрессия – бұл жай шаршау немесе уақытша эмоциялық өзгеріс емес. Ол босанғаннан кейін бірнеше апта немесе ай ішінде дамуы мүмкін психоэмоционалдық жағдай. Оның негізгі белгілері – ұзақ уақыт мұңаю, немқұрайдылық, үмітсіздік сезімі, мазасыздық, ашуланшақтық, қызығушылықтың жоғалуы, сәбиімен эмоционалдық байланыстың әлсіреуі, ұйқы мен тәбеттің бұзылуы, өзін-өзі кінәлау сезімі және «мен жаман анамын» деген ойлар. Бұл белгілер екі аптадан ұзақ сақталса, маманға жүгіну маңызды.

Қалай көмектесе аламыз?

Әйел үшін ең маңыздысы – түсіну мен қолдау. Үй шаруасына көмектесу, оған демалуға уақыт беру, ұйқыны қалпына келтіруге жағдай жасау оның психикалық жағдайын айтарлықтай жақсартады. Психолог жағдайдың ауырлығын бағалап, қажетті терапияны ұсына алады. Қажет болған жағдайда бала емізетін әйелдерге қауіпсіз дәрілер тағайындалады. Осындай кезеңнен өтіп жатқан басқа аналармен қарым-қатынас жасау әйелге жалғыз емес екенін сездіреді.

Босанғаннан кейінгі депрессия – әлсіздіктің белгісі емес. Бұл – анемия немесе қан қысымының жоғарылауы сияқты емдеуді қажет ететін медициналық жағдай. Отбасы мен медицина мамандары алғашқы белгілерді ерте байқаса, ананың қалпына келуі тезірек болады, ал сәби дені сау әрі тыныш ортада өседі.

Босанғаннан кейінгі депрессия бар және оны емдеуге болады. Ең маңыздысы – қорықпай көмекке жүгіну және жас аналарды қолдау. Әйелге көрсетілген қамқорлық – болашақ ұрпақтың саулығына жасалған қамқорлық. Қазақстандағы әрбір ана өзін қауіпсіз сезініп, қолдау табатын жағдай жасау – ортақ міндет!

Жанна НУРБЕРГЕН,
Астана медицина университеті академик Е.Д.Дәленов атындағы Профилактикалық медицина ҒЗИ салауатты өмір салты орталығының жетекші ғылыми қызметкері, дәрігер-диетолог,

Жанар КАЛМАКОВА,
Қызылорда жоғары медициналық колледжінің директоры, дәрігер-гигиенист, нутрициолог



АНАНЫҢ ЖАЙЫ АЛАҢДАТАДЫ

Босанғаннан кейінгі кезең, иә, ең бақытты сәт. Отбасында сәби дүниеге келеді, туған-туыс құттықтайды, ал жас анаға көптеген жылы тілек айтылады. Алайда осы сыртқы қуаныштың астарында қоғамда көп айтыла бермейтін күрделі жағдай жасырынуы мүмкін. Ол – босанғаннан кейінгі депрессия.

Қабылдауыма көбіне босанғаннан кейін артық салмақтан арылуды қалайтын әйелдер келеді. Бірақ осы отіншітін артында терең эмоционалдық қиындық пен мазасыздық жатыр. Түрлі зерттеудің нәтижесіне қарасақ, елдегі әр сегізінші әйелдің осы жағдайға тап болатынын, алайда олардың көбінің көмек сұрамайтынын байқайыз. Бұған себеп – ақпараттың жеткіліксіздігі, өзін кінәлі сезіну және қоғам тарапынан айыптаудан қорқу.

Біріншіден, әлеуметтік қысым. Қазақстандық отбасыларда әйелдің бәріне өзі төтеп беруі, шыдамды, сабырлы болуы, шағымданбауы тиіс деген көзқарас жиі кездеседі. Жас ана баласына қарап, үйді реттеп, бәріне үлгеруі керек деген талаптар оның эмоционалдық жүктемесін күшейтеді.

Екіншіден, психологиялық көмектің жеткіліксіздігі. Жүктілік кезінде әйелдің физикалық саулығына назар аударылады, ал психологиялық қолдау екінші кезекке қалып қояды. Көптеген әйел өз жағдайының әлсіздік емес, медициналық мәселе екенін түсінбей, маманға жүгінбейді.

Бұдан бөлек, мәдени ұстанымдар да бар. «Барлығы да босанып жатыр, ештеңе болмайды», «өзінді емес, баланы ойла» деген секілді сөздер әйелдің шынайы жағдайын айтуға мүмкіндік бермейді.

Табиғат-Ананың тілін ұғынып, айналасын жасыл-желекке көмкеріп жүрген жандар жетерлік. Соның бірі – Қызылорда қаласының тұрғыны Ыбрайхан Мұсабаев. Шаһардың о шеті мен бұ шетін жалғап жатқан Қорқыт ата көшесінің бойында тұратын оның ауласының көрінісі көз тартады. Жайқалған ағаштар мен жанына әсемдік сыйлар керемет гүлдер Ыбрайхан ағаның ауласын ерекшелеп тұр.



АУЛАСЫН ГҮЛМЕН КӨМКЕРГЕН

Оның жанына жақын істердің бірі – гүл өсіру. Әсіресе Қызылорда өңірінде сирек кездесетін гүлдер мен ағаштарды жинап, жерсіндіруге ерекше қызығушылық танытады. Бұл істі 2012 жылы тұрақты қолға алған. Қазір өсіріп жүрген гүлдерінің көбі Қызылорданың климаттына бейімделген. Бүгінде үйінде 37 түрлі гүл өсіп тұр.

Ыбрайхан ағаның айтуынша, гүл өсіру тек су құйып, баптаумен шектелмейді. Әр өсімдікке ықылас пен мейірім керек.

– Гүлге жақсы көріп қарасак ғана жайқалып өседі, – дейді ол.

Кейбір ерекше гүлдерді шетелден арнайы алдырады. Әсіресе Африкадан келген өсімдіктер ыстықты жақсы көреді, әрі күнделікті күтімді қажет етеді. Соған қарамастан табиғатқа деген сүйіспеншілігі оны ешқашан жалықтырмаған.

Ыбрайхан Мұсаев тек гүл өсірумен ғана шектелмейді. Ол

ұзақ уақыт қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, 10 жыл бойы қалалық мәслихат депутаты болды. Пандемияға дейін ел азаматтарымен бірге жүздеген тал-терек отырғызып, қоғалдандыру жұмыстарына үлес қосқан.

Өз еңбегі мен қызметі жайлы көп айтқанды ұнатпайтын Ыбрайхан аға қарапайым болмысын жоғары қояды. Дегенмен, еңбегінің жемісі шет елдерге дейін жеткен. Оның өсірген гүлдері Лондон, Париж, Тайланд, Вьетнам, Малазия, Гонконг секілді елдерге таралған.

– Ең бастысы елге пайдам тисе болды – деді ол.

Бүгінде Ыбрайхан ағаның ісі көпке үлгі. Табиғатты аялау, туған жерді көркейту секілді қарапайым істердің өзі үлкен жанашырлықтан басталатынын оның еңбегінен байқауға болады.

**Бағым ЖАЛҒАСБЕКҚЫЗЫ,
Анар БОРАНБАЙ**

ТАРИХ ПЕН МӘДЕНИЕТТІ ТОҒЫСТЫРҒАН СЫР ЕЛІ



Алып динозаврлардың қазіргі Қызылорда өңірінде де тіршілік еткенін білесіз бе? Ал арада сан ғасыр өткен соң осы далада қазақ халқының бай тұрмысы мен мәдениетін айғақтайтын сандық, кілем, самаурын мен ұлттық ою-өрнектер қалыптасты. Мұндай баға жетпес сабақтастықты Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейіне арнайы барып, көзбен көрдік, тарих пен мәдениеттің мәңгі екенін ұқтық.

Бүгінде көріп жүрген ұлттық ою-өрнектер халқымыздың мәдени мұрасының маңызды бөлігі. Әрбір өрнектің өзіндік мағынасы бар. Мысалы, қошкармүйіз молшылық пен берекені білдірсе, түйетабан сәтті сапардың белгісі ретінде танылған. Киім-кешек, тұрмыстық бұйымдар мен жиһаз да кеңінен қолданылып, ұлттық өнердің ажырамас бөлігіне айналған.

Ою-өрнектермен әшекейленген бұйымдардың бірі – сандық. Сандық ерте кезден қазақ отбасының ең қажетті тұрмыстық заттарының бірі болған. Оған киім-кешек, зергерлік бұйымдар және басқа да бағалы заттар сақталған. Әсіресе қыз жасауының ішінде сәнді безендірілген сандықтың орны ерекше болған. Сандықтардың бетіне түсірілген өрнектер олардың көркемдік құндылығын арттырып, ұлттық нақышын айқындай түскен.

Қазақтың қолөнерінде кілем тоқу өнері де ерекше дамыған. Табиғи жүннен тоқылған кілемдер үйдің ішін сәндеп қана қоймай, суықтан қорғау қызметін атқарған. Кілемдегі түрлі ою-өрнектер халықтың табиғатпен үйлесімін, тұрмысын және өмірге деген көзқарасын бейнелеген. Сондықтан кілемдер қазақ тұрмысында әрі қажетті, әрі сәндік бұйым ретінде жоғары бағаланған.

Қазақ дастарқан мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналған бұйымдардың бірі – самаурын. Әсіресе Тула қаласында жасалған жез самаурындар кең таралған. Самау-

рын тек шай қайнататын құрал ғана емес, отбасы мүшелері мен қонақтардың басын қосатын береке мен қонақжайлықтың белгісі болған. Қазақ халқы үшін шай ішу дәстүрі үлкен мәдени маңызға ие болғандықтан, самаурын әр шаңырақтың қадірлі бұйымының бірі саналған.

Ою-өрнек, сандық, кілем және самаурын – қазақ халқының бай мәдениеті мен тұрмысын танытатын құнды мұралар. Бұл жәдігерлер ата-бабаларымыздың шеберлігі мен дүниетанымын бүгінгі ұрпаққа жеткізіп отыр. Ұлттық құндылықтарды сақтау және насихаттау – тарихи мұрамызды құрметтеудің маңызды көрінісі.

Қазіргі Қызылорда облысының аумағында миллиондаған жыл бұрын динозаврлар мекендеген. Олардың сүйек қалдықтары Арал теңізі маңындағы Бостан түзілімі мен Шах-Шах шатқалынан табылған. Бұл жаңалықтар өңірдің палеонтологиялық маңызын арттырды.

Табылған динозаврлардың ішіндегі ең танымалы – Аралозавр. Ол шамамен 94-90 миллион жыл бұрын өмір сүрген, ұзындығы 8-9 метрге жеткен ірі шөпқоректі динозавр болған. Сонымен қатар Қызылорда жерінен жыртқыш дромозавридтер мен құстарға ұқсас каенагнатидтердің қалдықтары да анықталған. Бұл деректер ежелгі дәуірдегі табиғат әлемін зерттеуге үлкен мүмкіндік береді.

Қазақтың ою-өрнектері, сандықтары, кілемдері мен самаурындары халқымыздың тұрмысын, мәдениетін және рухани дүниесін танытатын асыл мұралар болып табылады. Ал Қызылорда өңірінен табылған динозавр қалдықтары өлкенің табиғи тарихының қаншалықты бай екенін көрсетеді. Осындай құндылықтарды зерттеп, насихаттау арқылы өткенімізді тереңірек танып, ұлттық мұрамызды келер ұрпаққа жеткізе аламыз.

**Анар БОРАНБАЙ,
Бағым ЖАЛҒАСБЕКҚЫЗЫ,
Гауһар АБАТ,
Бексұлтан АҚБИСЕНОВ**

ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ: ОҚУШЫНЫ ШЫҢДАЙТЫН ОРТА

Мектеп президенті жайлы естіген боларсыз. Бұл – мектептегі ерекше рөлдердің бірі. Себебі бұл қызмет тек іс-шараларға қатысумен шектелмейді. Ол жоспар құру, ұйымдастыру, түрлі топпен жұмыс істеу және жауапкершілік алуды талап етеді. Яғни мектептегі өзін-өзі басқару жүйесі – оқушылардың белсенділігін арттырудағы маңызды құралдың бірі.

Мұндай рөлді, яғни көшбасшылықты атак ретінде емес, үлкен тәжірибе ретінде қарастыру қажет. Ол оқушыны жауапкершілікке үйретіп, қоғамға белсенді тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Кез келген мектепшілік іс-шара бірнеше кезеңнен тұрады: идея ұсыну, дайындық жүргізу және іске асыру. Осындай процесс барысында оқушылар тәжірибе жинайды. Олар уақытты жоспарлау, командамен жұмыс істеу және шешім қабылдау дағдыларын дамытады. Бұл қабілеттер тек мектеп өмірінде ғана емес, болашақта да маңызды рөл атқарады.

Оқушылардың белсенділігі жайлы сөз қозғағанда, замандастарымыздың пікірін білуді жөн көрдік. Себебі бірі қоғамдық іске жиі қатысса, енді бірі тек оқу процесімен шектеледі.

11-сынып оқушысы Айдос мектептегі іс-шараларға қатысу туралы былай дейді: «Белсенділік тек бос уақыт емес, ол жауапкершілікке үйретеді. Алғашында қиын болды, бірақ кейін командамен жұмыс істеуді үйрендім».

Ал 10-сынып оқушысы Аружан керісінше, оқу мен қосымша жұмыстарды қатар алып жүру оңай емес екенін айтады:

«Кейде уақыт жетпейді. Сондықтан мен тек маңызды іс-шараларға ғана қатысамын».

Мұғалімдердің пікірінше, оқушылардың белсенділігі олардың жеке дамуына тікелей әсер етеді. Дегенмен әр оқушының өз таңдауы мен жүктемесі ескерілуі тиіс.

Жалпы алғанда, мектептегі белсенділік – міндет емес, мүмкіндік. Оны қалай пайдалану әр оқушының жеке шешіміне байланысты.

Алина ҒАБИТҚЫЗЫ:

ТІЛ — АДАМДАРДЫ ЖАҚЫНДАСТЫРАТЫН ҚҰРАЛ



3-курс студенті Алина Ғабитқызымен сұхбаттасып, тіл үйренудің тиімді жолдары, студенттік өмір мен болашақ жоспарлары жайлы әңгімелестік.

Бірнеше тіл білу – үлкен артықшылық, болашаққа жасалған сенімді қадамның бірі. Ол арқылы адам өз білімін кеңейтпін қана қоймай, түрлі мүмкіндікке жол ашады. Әсіресе, жастар арасында ағылшын, корей, қытай секілді халықаралық тілдерге қызығушылық ерекше артып келеді. Бұл – заман талабына сай дамуға ұмтылған жастардың білімге деген құштарлығын көрсетеді.

Осы орайда ағылшын және қытай тілдерін қатар меңгеріп жүрген Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің

– Алина, неге дәл осы мамандықты таңдадыңыз?
– Бала күнімнен өзге тілдерге деген қызығушылығым жоғары болды. Түрлі елдің мәдениеті мен өмір салтын тану ұнайды. Менің ойымша, тіл – адамдарды жақындастыратын ерекше құрал. Аудармашы немесе тіл маманы болу арқылы тек сөзді ғана емес, мәдениет пен ойды жеткізесің. Маған адамдармен қарым-қатынас жасау, жаңа дүниелер үйрену ұнайды. Сол себепті бұл мамандық жүрегіме жақын болды.

– Ағылшын мен қытай тілдерін қатар үйрену қиын емес пе?
– Әрине, бастапқы кезде қиын болды. Әсіресе, қытай тіліндегі иероглифтерді есте сақтау оңай емес. Бірақ уақыт өте келе үйреніп кеттім. Ең бастысы – тұрақты түрде дайындалу. Егер адамда қызушылық болса, кез келген қиындықты жеңуге болады.

– Тілді тез меңгерудің қандай жолдары бар?
– Ең маңыздысы – күнделікті тәжірибе. Көп тыңдап, көп сөйлеу қажет. Мысалы фильмдерді түпнұсқада көру, музыка тыңдау, кітап оқу өте пайдалы. Сонымен қатар, жаңа сөздерді күн сайын қайталап отырған дұрыс. Ең – бастысы қателеспеуден қорықпау. Себебі әр қателік адамды дамытады.

– Қазіргі жастарға қандай кеңес бересің?
– Қазір мүмкіндік өте көп. Интернет арқылы кез келген ақпаратты табуға болады. Сондықтан уақытты бос өткізбей, өз-өзін дамытуға күш салса деймін. Әр адам өз мақсатына жету үшін еңбектену керек. Табысқа жетудің басты жолы – еңбек пен сабыр.

– Студенттік өмір сізге не үйретті?
– Жауапкершілікті, өз уақытымды дұрыс жоспарлауды үйрендім. Университетте түрлі адаммен танысып, жаңа орта қалыптастырасың. Бұл кезең адам өміріндегі ең қызықты әрі есте қалатын шақтардың бірі. Себебі дәл осы уақытта адам өзін іздеп, болашағына бағыт таңдайды.

– Сөз соңында жоспарыңызбен бөліссеніз.
– Болашақта халықаралық деңгейде жұмыс істегім келеді. Шетелде тәжірибе жинап, өз білімімді бактериялармен әрекеттесіп, тіс эмалінің бұзылуына себеп болады. Сол себепті дәрігерлер тәтті тағамды мөлшермен тұтынуға кеңес береді.

– Жауабыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан Анар БОРАНБАЙ

ҚАНТ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?


Бүгінде бір кесе шайға салынатын қанттың адамзат тарихында ерекше орын алғанын көпшілік біле бермейді. Қазір әр дастарқаннан табылатын бұл өнім бір кездері аса бағалы тауар саналып, тек ауқатты адамдардың қолы жететін байлық белгісі болған. Тіпті кей елдерде қантты «ақ алтын» деп атап, арнайы құлыпталған жәшіктерде сақтаған.

Қанттың тарихы екі мың жылдан астам уақыт бұрын басталады. Алғашқы деректер Үндістанда қант құрағынан тәтті кристалл алу тәсілі қолданылғанын көрсетеді. Кейін бұл өнер Азиядан Таяу Шығысқа, одан әрі Еуропаға тараған. Қанттың әлемге таралу жолы оның атауынан да байқалады. Қазіргі көптеген тілдегі сөздердің түп-төркіні ежелгі санскриттің «шарқара» сөзіне барып тіреледі.

Ұзақ уақыт тәтті өнім сән-салтанаттың нышаны болды. Орта ғасырда Еуропада оның бағасы кейбір дәмдеуіштерден де қымбат еді. XIX ғасырда қант халықаралық сауданың маңызды тауарларының біріне айналып, көптеген мемлекеттің экономикасына ықпал етті.

Қазіргі кезде тәтті тағам қант құрағы мен қызылшасынан өндіріледі. Әлемдік өндірістің басым бөлігін осы екі дақыл қамтамасыз етеді. Қант өндіруден Бразилия көш бастап тұр, ал Үндістан алғашқы орындардың бірін иеленеді. Миллиондаған тонна өнім жыл сайын әлемнің түкпір-түкпіріне экспортталады.

Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, тәтті тағам тұтығанда мида дофамин бөлініп, адамда жағымды көңіл күй қалыптасады. Сондықтан көптеген адам күйзеліс немесе шаршау кезінде тәттіге жиі әуестенеді. Сонымен қатар қант ағзаға жылым қуат береді. Осы қасиетінің арқасында спортшылар мен белсенділер оны энергия қорын тез толықтыру үшін пайдаланады.



УАҚЫТТЫ БАҚЫЛАУ – ӨЗ ҚОЛЫҢДА

Балабақша жасындағы бала, оқушы, студент пен жас маман болсын, барлығы әлеуметтік желіні еспсіз қолданады. Ақпаратқа қолжетімділік жеңілденгенмен, өкінішке қарай, уақытты тиімді пайдалану мәселесі алдыңғы қатарға ығысты. Көптеген зерттеуде жастардың басым бөлігі бірнеше сағатын әлеуметтік платформаларда өткізетіні көрсетілген. Бұл жағдай ақпарат алу мүмкіндігін кеңейтсе де, уақыттың тиімсіз жұмсалыуына әкелуі мүмкін.


Мәселенің негізгі себебі әлеуметтік желінің өзі емес, оны қолдану тәртібінің болмауында. Шексіз контент адамның уақытты бақылауын әлсіретеді және негізгі міндеттерге көңіл бөлуді қиындатады.

Мамандар уақытты жоспарлау және цифрлық гигиена дағдыларын қалыптастыруды ұсынады. Бұл тәсіл оқу процесінің тиімділігін арттыруға және жеке дамуға көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік желі – құрал. Оны тиімді пайдалану немесе уақытты жоғалту – әр адамның жеке таңдауы мен жауапкершілігі.

Мерей ШАЙЗАДА,

№293 мектебінің 11-сынып оқушысы



**Ақнұр АРЫСБАЙ,
Гүлсанам МҰРАТБЕК**

СТИЛЬГЕ СЕРПІН:

2026

ЖЫЛ ЖАЗЫНЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ

Сән әлемінде түстердің үйлесімі әрдайым ерекше рөл атқарады. Дұрыс таңдалған реңктер кез келген образды жандандырып, оның тартымдылығын арттыра түседі. Сондықтан сәнқойлар әр маусым сайын дизайнерлер ұсынған жаңа түстерге назар аударады.



КОЛЛАЖ А.НҰР

2026 жылдың жазында сәнгерлер бұрыннан қалыптасқан үйреншікті топтамадан бас тартып, батыл әрі тосын түстік үйлесімдерге бет бұруды ұсынады. Қызғылт пен қызыл, сары мен көгілдір, аспан түстес көк пен шоколадқа жақын қоңыр секілді жұп түстер алғаш қарағанда күтпеген таңдау болып көрінуі мүмкін. Алайда дәл осы ерекшелік оларды маусымның басты трендтерінің қатарына шығарды.

Қызғылт және қызыл

Егер 2026 жылдың жазы үшін бір ғана түстік үйлесімді есте сақтағыңыз келсе, дәл осы комбинацияны таңдауға болады. Романтикалық қызғылт пен қанық қызыл сән көрсеткіштерінде жиі көрініп, сән блогерлері мен инфлюенсерлердің сүйікті таңдауына айналды.

Бір кездері әлемді жаулаған «барбикор» стилі қызғылт түсті басынан аяғына дейін киюді сәнге айналдырған болса, бүгінде бұл реңк әлдеқайда талғамды сипатқа ие болды. Қызыл түс образға айқындық пен жинақылық беріп, ерекше контраст қалыптастырады.

Әсіресе қызғылт реңктер алқызыл, шарап түстес немесе бургундиялық қызылмен үйлескенде әсерлі көрінеді. Сонымен қатар сән мамандары түстермен ғана емес, маталардың фактурасымен де тәжірибе

жасауға кеңес береді. Атлас, былғары немесе күдері бұл үйлесімді одан әрі сәнді ете түседі.

Аспан түстес көгілдір және қоңыр

Кейінгі жылдары сән сахнасында қайтадан танымал бола бастаған аспан түстес көк реңк жаңа маусымда да өз орнын сақтап қалды. Дегенмен дизайнерлер оны бұрынғыдай бейтарап түстермен емес, қанық шоколад түстес қоңырмен үйлестіруді ұсынады.

Терең қоңыр реңк нәзік көк түстің салмағын арттырып, образға стиль мен айқындық береді. Мәселен шоколад түстес шалбар мен көк жейде, аспан түстес жеңіл көйлек пен қоңыр аксессуарлар немесе какао реңкіндегі жакет пен ашық түсті топтың үйлесімі ерекше әсер қалдырады. Бұл комбинация сәнді әрі әмбебап болғандықтан, күнделікті киім үлгісінде де, іскерлік стильде де тиімді қолданылады.

Көгілдір және сары

Сары түс сән әлеміндегі орнын әлі де жоғалтқан жоқ. Оның ішінде кремді, май түстес жұмсақ реңктер алдағы маусымда да өзектілігін сақтайды. Алайда бұрын бұл түс көбіне ақ немесе сұт түстес

киімдермен үйлестірілсе, осы жылы оның жаңа серігі көгілдір түс болмақ.

Бұл дуэт жаздың жарқын көңіл күйін айқын көрсетеді. Екі түстің де жұмсақ болуы олардың көзге тым өткір көрінбеуіне мүмкіндік береді. Соған қарамастан мұндай үйлесім бейтарап түстерден құралған дәстүрлі образдардың арасында бірден ерекшеленеді. Сән мамандары бұл комбинацияны сұт түстес, кремді немесе құм түстес реңктермен толықтыруға кеңес береді. Сонда образ үйлесімді әрі заманауи көрінеді.

Лаванда және таңқурай түстес қызғылт

Бір кездері «әжелердің түсі» ретінде қабылданған лаванда реңкі бүгінде сән әлемінің басты фаворитіне айналды. Алайда ол өз мүмкіндігін таңқурай түстес қанық қызғылтпен үйлескенде толық ашады.

Бұл түстік жұп қарама-қайшы қағидасына негізделген. Сабырлы лаванда қанық қызғылттың қарқындылығын жұмсартып, ал қызғылт түс образдың тым нәзік немесе романтикалық болып кетуіне жол бермейді.

Егер бұл трендті байқап көргіңіз келсе, алдымен аксессуарлардан бастаған жөн. Ал сәнқойлар үшін ең өзекті шешім – екі түсті бір образда қатар пайдалану. Өйткені кейде ең әсерлі үйлесімдер алғашында

бір-біріне мүлде сәйкес келмейтіндей көрінетін түстерден құралады.

Қызыл және кобальт көк

Осы жылдың жазында қызыл түс ерекше сұранысқа ие болмақ. Бұл жолы дизайнерлер оны жалғыз акцент ретінде емес, басқа қанық реңктермен үйлестіруді ұсынып отыр. Солардың ішіндегі ең танымалы – кобальт көгі.

Сән көрсеткіштерінде жиі кездескен бұл комбинация маусымның ең көзге түсетін түстік шешімдерінің біріне айналып үлгерді. Қанық қызыл мен ашық көк бір-бірін толықтырып, батыл әрі әсерлі образ қалыптастырады.

Қызыл жакет пен көк шалбар, көк жейде мен қызыл белдемше немесе осы түстердегі аксессуарлар кез келген киім үлгісін ерекше етіп көрсетеді. Егер бұрын қызыл түс образдағы жалғыз жарқын акцент саналған болса, енді сән ережелері әлдеқайда қызықты әрі еркін бола түсті.

Жаңа маусымның басты ұстанымы – түстерден қорықпау. Себебі 2026 жылдың жазы сән әлемінде батыл эксперименттер мен күтпеген үйлесімдердің кезеңі болмақ.

А.МАРАТҚЫЗЫ

ҮШ ҚАҒИДА

Маусым басталғалы көпшіліктен маза қашты. Күн сәулесінен қорған іздеген жұрт көлеңке мен салқындатқышты жағалап өлек. Бірақ шілденің шіліңгірі мен нағыз аптап ыстық әлі алда.

Осы орайда «Ауа температурасының жоғарылаған шағында ағзаға қандай қауіп төнуі мүмкін?» деген сауалмен мамандар зерттеуін шолып шықтық.

Оңтүстік аймақтағы тұрғындар үшін жаз ұзақ мезгілдің бірі саналады. Күнгізбедегі үш ай ыстықтың әсерінен тағы бір токсанды қосып алғандай тағатты тауысады. Осы сәтте жиі жасалатын қателік – көпшілік шөлін қант мөлшері көп газдалған сусынмен басады. Бұл сауда иелері үшін үлкен мүмкіндік екені рас. Алайда ағза ауа температурасының әсерінен қызып, шөл қысқанда кәдімгі таза суды таңдаған дұрыс. Мұны мамандар да растайды. Ал қатты терлеген кезде минералды немесе электролиттері бар сусындар пайдалы әсер береді. Қарбыз, қауын, қияр сияқты суы мол жеміс-көкөністер де шөл басуға ықпал етеді. Ерттеректе үлкендер айран, қымыз, шұбат сияқты дәстүрлі сусындар ағзадағы сұйықтықты толықтыратынын білген.

Күн көкжиекке көтерілген сәтте-ақ теріні күйдіріп, керек десеңіз күлдіретіп жіберетіні бар. Десек те аймақта қолайлы ұстау дағдысы қалыптаса қойған жоқ. Сондықтан кең жиекті бас киім мен күннен қорғайтын көздірікті тастамаған абзал. Осы орайда мамандар ашық түсті, кең әрі жеңіл киімді таңдауға кеңес береді. Жаздық киім ауа өткізетін мақта немесе зығыр матадан тігілсе, тіпті жақсы.

Әдетте күннің ең ыстық сәті 12.00-17.00 аралығында жалғасады. Дәл осы уақытта сақтық шараларына салғырт қарамаған жөн. Үлкен кісілер мен балалардың күн астында көп жүрмеуін қадағалау – қан қысымының көтерілуі мен іш ауруларының алдын алады. Бас ауру, айналу, әлсіздік, жүрек айну, қатты шөлдеу, дене қызуының көтерілуі секілді белгілер байқалса дене еңбегін азайтқан дұрыс. Ал егер адам есінен танып қалса, санасы шатасса немесе дене қызуы өте жоғары болса, шұғыл медициналық көмек қажет. Қызылорда секілді құрғақ әрі өте ыстық климатта (+40°C және одан жоғары) көбірек сақтық қажет. Себебі мұндай ыстықта шөлдеу сезімі ағзаның су жоғалтып үлгергенін білдіруі мүмкін.

Аптап ыстықта ағза ауыр тағамдарды қорытуға қосымша энергия жұмсайды. Сол үшін тамақты жеңілдету ыстықтың аз да болса ықпалын төмендетеді. Жиі су ішу, көбірек көлеңкеде болу, жеңіл киім секілді аптап ыстықтан қорғанудың үш қағидасын қаперде ұстасак, салқын күндерге сергек жетеріміз анық.

Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

«Қанша рет құлағаның маңызды емес. Бастысы – қайта тұруға бойыңнан күш табу». Бұл – танымал кино немесе сериалдан алынған үзінді емес.

Мұндай ойды сіз жапонның өміршең өнері – мангадан оқи аласыз.

Манга – жапондық комикс. Хоррор, романтика, триллер, фантастика, фэнтези – мұнда жанрдың кез келген түрі бар. Десе де көпшілік үшін бұл әлі де түсініксіз дүние. Қоғамда мангаға әуес балаларға ерекше көзқараспен қарайтындар да аз емес. Бірақ шынында манга дегеніміз не? Ол неге әлемді жаулап алды? Бірге білейік.

Жапон тілінен аударғанда «еркін суреттер» дегенді білдіретін бұл өнер түрі бүгінде әлемді бағындырған мәдени феноменге айналды. Манганың түрлі түсті болмауы – оның кемшілігі емес, басты фишқасы. Мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, олардың авторы – мангакалар апта сайын жаңа тарау шығаруға тиіс. Уақыттың тығыздығы үлкен рөл ойнайды. Екіншіден, ақ-қара формат оқырманның зейінін кейіпкердің ішкі толқынысына, көзқарасы мен сезіміне аударады. Сіз суретті өз қиялыңызбен бояйсыз. Мәселен «Мориартидің патриотизмі» сияқты детективтік шығармалардағы жұмбақ пен шиеленісті ақ-қара түстен артық ештеңе жеткізе алмас еді. Мұны оқығанда тура Шерлок Холмстың әлеміне енгендей күй кешесіз.

Мангака болу – темірдей тәртіпті талап ететін мамандық. Олар аптасына 20-30 бет сурет салып үлгеруі тиіс. Мысалы, әйгілі Эйттиро Ода



КОЛЛАЖ А.НҰР

ПАРАҚТАҒЫ АҚ-ҚАРА ӘЛЕМ

«Ванпис» туындысын 1997 жылдан бері тоқтаусыз салып келеді.

Манга – тек балаларға арналған ермек емес. Оның сан алуан жанры бар. Мәселен, кодомо балаларға арналған. Балалықтың дәмін берген «Покемон» шығармасы осы санатқа жатады. Ал сән болса, жасөспірім жігіттердің сенімді серігі. Мұнда күрес, шынайы достық және өмірлік мақсатқа назар басым. «Армандар орындалады! Ешкімнің саған «қолыңнан келмейді» деуіне жол берме!» Бұл – «Менің қаһармандық академиям» кейіпкері Изуку Мидорияның сөзі. Осы жанр арқылы жастардың қайсарлық идеологиясы қалыптасады. Сонымен қатар «Наруто» – бұл жанрдың алтын ордасына айналды. Оның «ешқашан берілмеу» принципі миллиондаған жастың жігерін жандырды. Ал алғашқы махаббат пен нәзік сезімдер туралы сөзге баяндайды. Осы орайда талай қыздың сүйіктісі атанған

«Сейлор мун» еске түседі. Сондай-ақ манга спортқа деген құлшынығы да оята алады. Мұнда волейбол, баскетбол, футбол, тіпті мұзда сырғанау туралы керемет туындылар бар. Сондықтан манга – қалағанға қолдау, ізденгенге ілім болатын дүние.

Манганың тамыры тым тереңде жатыр. XII ғасырда Тоба Сэдо есімді монах жануарларды кейіпкер етіп, алғашқы шырышқ суреттерді жасаған. Содан бері бұл өнер үздіксіз дамып, II дүниежүзілік соғыстан кейін қазіргі заманауи кейіпке енді.

Манга – қағазға түскен кино. Ол туралы әлі де сөз қозғауға болады. Бірі достықтан дастан жазса, екіншісі өмірдің өлшемін өзек етеді.

P.S: Егер балаңыздың қолынан манга көрсеніз, қорықпаңыз. Мүмкін, ол дәл қазір ұлы оқиғаның куәсі болып, өзіне рухани азық жинап жатқан шығар.

Мейір НИЕТ